7. Сафронова О.С., Зайцева М.А., Нурбаев СД., Кикебаев Н.А., Брель-Киселева И.М., Тегза И.М., Каратаева М.Б. Характеристика аллелофонда племенного ядра лошадей костанайской породы по микросателлитам ДНК // Новости науки Казахстана. - 2015. - №2(124). - С.235-245.

8. Лошадь – достояние казахского народа. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://agrotkn.kz/press-tsentr/novosti-tnk/987/>
9. Боков П.И. Курс коннозаводства, или руководство к разведению, воспитанию, улучшению и усовершенствованию лошадей. – М.: Librokom, 2019. – С.98.
10. Каштанов Л.В. Племенное дело в коневодстве. – М.: Librokom, 2014. – С. 127.

ÄDEBIETTER TIZIMI

1. Kozlov S.A., Parfenov V.A. Konevodstvo. – M.: Lan', 2004. – 304 s.
2. Pestis V.K., Rakickij D.T., Gorchakov V.Ju. Konevodstvo. – Minsk: IVC Minfina, 2018. – S.9-10.
3. Hjesti S., Sharpl' D. Loshadi spravochnik po uhodu i sodержaniju. – M.: Akvarium, 2009. – S. 9.
4. Mejramkulova K.S. Kazahskaja loshad': istorija i sovremennoe sostojanie // Aborigennoe konevodstvo Rossii. Istori, sovremennost', perspektivy: sb. nauchn. tr. po mater. II Vseross. nauchn.-prakt. konf. s mezhdunar. uchastiem, 22 ijunya 2018, Mezen'. – Arhangel'sk, 2018. – S.200.
5. Asanbaev T. Sh. Praktikum po konevodstvu. – Pavlodar : Kereku, 2014. – 250 s.
6. Motoriko M.G. Kustanajskaja poroda loshadej. – Alma-Ata: Kajnar, 1981. – S. 184.
7. Safronova O.S., Zajceva M.A., Nurbaev S.D., Kikebaev N.A., Brel'-Kiseleva I.M., Tegza I.M., Karataeva M.B. Harakteristika allelofonda plemennogo jadra loshadej kostanajskoj porody po mikrosattelitam DNK // Novosti nauki Kazahstana. – 2015. – №2(124). – S.235-245.
8. Loshad' – dostojanie kazahskogo naroda. – [Jelektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: <http://agrotkn.kz/press-tsentr/novosti-tnk/987/>
9. Bokov P.I. Kurs konnozavodstva, ili rukovodstvo k razvedeniju, vospitaniju, uluchsheniju i usovershenstvovaniju loshadej. – M.: Librokom, 2019. – S.98.
10. Kashtanov L.V. Plemennoe delo v konevodstve. – M.: Librokom, 2014. – S. 127.

ӨОЖ 636.085.5:636.1(574.21)

DOI 10.52578/2305-9397-2021-1-2-15-20

Бугубаева А.У., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, негізгі автор, ғылыми-техникалық зерттеулер институты директорының орынбасары, <https://orcid.org/0000-0002-8313-8982>

«А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ, 110000, Байтұрсынов көш., 47, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы, alia-almaz@mail.ru

Амандыкова А.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қайта өңдеу технологиясы және стандарттау кафедрасының меңгерушісі, <https://orcid.org/0000-0002-3437-8728>

«А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ, 110000, Байтұрсынов көш., 47, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы, amandykova_1983@mail.ru

Хамит Б.А., магистрант, <https://orcid.org/0000-0003-3012-0022>

«А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ, 110000, Байтұрсынов көш., 47, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы, khamit.botagoz@bk.ru

Bugubaeva A.U., Candidate of Agricultural Sciences, , the main author, deputy Director of the Institute of Scientific and Technical Research

«Kostanay regional University named after A. Baitursynov» NPJSC, 110000, Baitursynov 47 str., Kostanay, Republic of Kazakhstan

Amandykova A.B., Candidate of Agricultural Sciences, head of the Department of Processing Technology and Standardization.

«Kostanay regional University named after A. Baitursynov» NPJSC, 110000, Baitursynov 47 str., Kostanay, Republic of Kazakhstan

Khamit B.A., Postgraduate

«Kostanay regional University named after A. Baitursynov» NPJSC, 110000, Baitursynov 47 str., Kostanay, Republic of Kazakhstan

ҚОСТАНАЙ ТҰҚЫМДЫ ЖЫЛҚЫЛАРЫН «ҚАЗАҚ ТҰЛПАРЫ» ЖШС ЖАҒДАЙЫНДА ГИДРОПОНИКАЛЫҚ ЖЕММЕН АЗЫҚТАНДЫРУДЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ BIOLOGICAL ASPECTS OF FEEDING HORSES OF THE KOSTANAY BREED WITH HYDROPONIC FEED IN THE CONDITIONS OF LLP «KAZAKH TULPARY»

Аннотация

Мақалада қостанай тұқымды айғырлары мен биелерін «Қазақ тұлпары» ЖШС жағдайында гидропоникалық жасыл жеммен азықтандырудың биологиялық ерекшеліктері мен жылқылардың көбею белсенділігіне жемнің әсері туралы баяндалған.

Асыл тұқымды жылқыларға, соның ішінде, спорт жарыстарына қатысатын спорттық жылқыларға арналған азық рационы құнарлылығы жағынан жоғары болуы қажет. Сондықтан, спорттық жылқыларға арнап азық көзін дайындағанда олардың қоректену нормалары мен азықтандыру тәртібін анықтаған жөн, себебі олар арнайы күтімді қажет ететін ерекше тұқымды жануарлар болып табылады. Осыған орай, құнарлылығы жоғары азық көзі ретінде арпа дәнінен өсірілген гидропоникалық жасыл жем алынып отыр. Гидропоникалық жасыл жылқы азығы-бұл жылдың кез келген мерзімінде қол жетімді, экономикалық тұрғыдан тиімді, азықтандырудың тамаша түрі. Мұндай жем түрі шаруашылықта орналасқан арнайы гидропоникалық қондырғының көмегімен өсірілді.

Зерттеуден алынған нәтижелер асыл тұқымды спорттық жылқыларды өсіру мен күтіп баптау үшін практикалық зор маңызға ие. Яғни, зерттеу нәтижелеріне сәйкес, «Қазақ тұлпары» ЖШС жағдайында біз жылқыларға арналған гидропоникалық жемшөп өсірудің биологиялық аспектілерін талдаймыз және жылқы зауытының одан әрі дамуына үлес қосатындығын дәлелдейміз.

ANNOTATION

This article describes the biological aspects of growing hydroponic green feed for horses in the conditions of LLP «Kazakh tulpary». The barley grain will be used in the cultivation of hydroponic green feed for feeding horses. The fact is that barley culture takes the second place in fertility after oats in feeding horses. When growing barley, it is very important that the soil contains a large amount of fertilizers, minerals and is spent on this for a long time, and when growing by the hydroponic method, the hydroponic solution necessary for growing barley contains all the mineral additives necessary for its rapid growth.

Feeding horses is an important task that needs to be solved to improve the quality of life of the horse. Many economic institutions engaged in animal husbandry make mistakes in the organization of animal feeding, and these mistakes can lead to negative consequences. The successful functioning and development of animal husbandry is determined by many factors, the most important of which are feeding, conditions for keeping and using animals, their health, and genetic value. That is, according to the results of research, in the conditions of LLP «Kazakh tulpary», we will analyze the biological aspects of growing hydroponic feed for horses and prove that they will contribute to the further development of the farm.

Түйін сөздер: гидропоникалық жем, тағамдық құндылығы, спорттық жылқылар, технология, жылқыларды азықтандыру, биологиялық аспектілер.

Key words: hydroponic feed, nutritional value, sports horses, technology, horse feeding, biological aspects.

Кіріспе. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын дамытудың қажетті бағыттарының бірі – жыл бойы таза жасыл жем алудың экономикалық тиімді технологиясы, мал шаруашылығын экологиялық таза, жоғары сапалы табиғи қоспамен және табиғи азық көздерімен қамтамасыз ету. Мал шаруашылығын қарқынды дамытудың бірден-бір тиімді әдісі – малдардың қоректік заттарға деген қажеттілігін толығымен қамтамасыз ете алатын берік азықтандыру базасын құру. Малазықтық жемнің едәуір бөлігі тиімсіз пайдаланылады, себебі ол игерілмеген түрде малдарға беріледі және оның тағамдық құндылығы толығымен ағзаға сіңірілмейді [1]. Қазіргі таңда, жемшөп өндірісі инфрақұрылымының үнемі жеткіліксіз және әрдайым экологиялық тұрғыдан зиянды дамуы байқалып отыр. Осыған байланысты, ауылшаруашылық кәсіпорындарының жыл бойына сәйкестендірілген азық рационын дербес және аз қаражат шығындарымен дайындауға және оны тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін әдістерге деген қызығушылығы артуда. Осындай әдістердің бірі - гидропоникалық жасыл жем өсіру. Бұл әдіс өсіру процесін автоматтандыруға, еңбек шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

Гидропоникалық әдіспен өсірілген жемнің пайдасы мол, құрамында барлық қажетті қоректік заттары бар, оларды ауыл шаруашылық жануарларының (ірі қара, түйе, жылқы, қой, қоян, тауық, шошқа) ағзасы жақсы қабылдайды және ағзаға жақсы сіңіріледі. Гидропоникалық жасыл жем көптеген басқа азықтық жем түрлеріне қарағанда арзан, құрамы қажетті қоректік заттар мен дәрумендерге бай, жақсы желінеді және сіңіріледі, экологиялық таза өнім болып табылады және оның өндірісі қарапайым және үнемді [2].

Қазақстанда жасыл жемді гидропоникалық өсіру әдісі әлі кең тарала қоймаған. Бүгінде біздің елімізде еңбек және материалдық шығындарды едәуір азайтуға және өндірілген өнімнің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік беретін жаңа автоматтандырылған гидропоникалық жасыл жем өсіру жүйесі жасалуда. Алайда, бұндай жүйелер елімізде тек жылыжай фермаларында қолданылады. Қазіргі таңда әлемде ауыл шаруашылық жануарларына арналған әр түрлі малазықтық дақылдарды өсірудің гидропоникалық әдісі танымал бола бастады [3].

Гидропоникалық жасыл жем – витаминдерге және биологиялық белсенді заттарға бай, жасыл шөптер мен жасыл жем өсіретін гидропоникалық арнайы қондырғыны қолдана отырып өсірілетін тірі тағам болып табылады. Гидропоникалық жасыл жемнің арқасында, жылқыларға арналған азық көлемін 60%-ға дейін алмастыруға мүмкіндік бар. Гидропоникалық әдіспен өсірілген жасыл жем - бағасының төмен болуымен және көптеген пайдалы қасиеттерге ие болуымен ерекшеленеді, мұндай азық экономикалық тұрғыдан, сонымен қатар физиологиялық тұрғыдан да өте пайдалы [4].

Жылқыларды азықтандырған кезде, ауылшаруашылық жануарларының ішінде - жылқы малы жемнің тазалығы мен сапасына жоғары талап қоятынын және азық түріне сезімталдығын ескерген дұрыс. Жылқы басқа ауылшаруашылық жануарларынан ерекше, себебі олардың негізгі өнімі-бұлшықет жұмысы [5]. Жылқылардың рационына өсімдіктер мен жануарлардан алынатын тағамдардың алуан түрлілігі, сонымен қатар барлық қоспалар кіруі өте маңызды. Өсімдік тектес жемдердің ішінде көбінесе жасыл, ірі және дәнді жемшөптермен, ал аз мөлшерде тамырлы өсімдіктермен, сүрлеммен және техникалық өндірістің қалдықтарымен қоректенеді. Жылқылардың рационындағы жануарлардан алынатын жем 10% -дан аспайды (тағамдық құндылығы бойынша) [6]. Гидропоникалық жасыл жем ұсақталған шөптен жасалған ұннан 8 есе арзан, құрама жемнен 5 есе, пішеннен 7 есе, концентрацияланған жемнен 7 есе арзан. Бұл азық микро және макроэлементтерге, дәрумендерге, ақуыздарға бай табиғи тағам болып табылады. Гидропоникалық жемнің сыртқы түрі, түсі, дәмі мен құрылымы жануарларға генетикалық тұрғыдан таныс және жануарларды қызықтыратын өнімге ұқсайды. Сондықтан бұл тағам жақсы тұтынылады, сонымен қатар жануардың денесіне жақсы сіңеді. Жемді өсіру кез-келген аймақтық климаттық жағдайларына, жыл мезгіліне тәуелді емес, оны жылдың кез келген уақытында ашық жерде де, жабық жерде де өсіруге және негізгі азық көзіне қосымша қоспа ретінде қолдануға болады [7].

Арпадан алынған гидропоникалық жасыл жем құрамында барлық қажетті қоректік заттары бар, оны жылқылар жақсы жейді және сіңіреді және құрама жем мен минералды қоспаны толығымен алмастырады. Бұндай жемді «диеталық азық» деп атауға болады, өйткені дәрумендер мен ферменттердің жоғары деңгейі ас қорыту процесінде оның сіңімділігін едәуір арттырып, басқа жемдердің сіңуін жақсартады және тұтастай алғанда жануарлардың ас қорыту жүйесіндегі жүктемені азайтады. Арпадан гидропоникалық жасыл жемді пайдалану, әсіресе өнімділігі жоғары жылқы жануарларын азықтандыру және сауықтыру мәселесін шешеді. Гидропоникалық жасыл жемді өсіру бірнеше процестерді қамтиды: астық дайындау; астықты өсіру; жасыл массаның көбеюі; тамыр бөлігінің таралуы.

Арпадан дайындалған гидропоникалық жем фольй қышқылына (B9 дәруменіне) бай, ол жануарлардың қалыпты көбеюі мен сау ұрпақтарды төлдеуіне маңызды әсерін тигізеді. Оның құрамында кәдімгі әдіспен өсірілген арпаға қарағанда ақуыз (28,93%), май (96,73%), сонымен қатар биологиялық белсенді заттардың (каротин мен хлорофилл) мөлшері әлдеқайда жоғары (1-кесте). Кестеден гидропоникалық жасыл жемнің жоғары артықшылықтарға ие екенін байқауға болады.

1-кесте – Гидропоникалық жем және арпа дәнінің химиялық құрамының салыстырмалы кестесі

Көрсеткіштер	Гидропоникалық жасыл жем	Кәдімгі әдіспен өсірілген жем
1	2	3
Энергия алмасу, М Дж	12	10,7
Шикі ақуыз, г	136,87	106,15
Лизин, мг	7,36	4,87
Метионин, мг	2,21	1,59
Серин, мг	5,89	0,49
Цистин, мг	1,47	1,25

1	2	3
Қант, г	206,03	5,61
Клечатка, г	123,62	48,26
Кальций, г	1,47	0,79
Фосфор, г	4,42	3,85
Магний, г	1,47	1,05
Натрий, г	0,25	0,11
Мырыш, мг	54,53	26,25
Селен, мг	0,29	0,05
В1 витамині, мг	3,68	0,78
В2 витамині, мг	8,9	1,25
В6 дәрумені, мг	8,09	1,27
Е дәрумені, мг	25,75	13,71

Зерттеу жұмысының мақсаты – қостанай тұқымды жылқыларына «Қазақ тұлпары» ЖШС жағдайында арпа дәнінен өсірілген гидропоникалық жасыл жемді беру барысында олардың өсуін, дамуын және репродуктивтік сапасын зерттеу.

Зерттеу әдістері мен материалдары. Зерттеу жұмыстары «Қазақ тұлпары» ЖШС базасында жүргізілді. Зерттеу жылқы зауытының спорттық жылқыларына жүргізілді.

«Қазақ тұлпары» асыл тұқымды жылқы зауытында гидропоникалық қондырғы - науалар көлденең орналасқан тірек құрылымды, онда сұлыдан жасыл жем өсіріледі. Сұлы бір шаршы метрге 8 кг мөлшерінде науаларға себіледі, су автоматты түрде, резервуардан су беру жүйесі арқылы беріледі, ал сіңірілмеген су суару жүйесіне қайта оралады. Ең ықшам гидропоникалық қондырғы - УЗК 12. Деңгейлер саны-3, науалар саны-4, науалардың жалпы саны-12 дананы құрайды. Өсіру алаңы 1 науа 0.85 м2, жалпы өсіру алаңы 15 м2. Жалпы өлшемдері: биіктігі 230 см, ұзындығы 250 см, ені 170 см.

Қондырғы жұмыс ерітіндісін жабық қайта өңдеу принципі бойынша жұмыс істейді. Әр науада тұқымның су төгетін тесікке түсуіне жол бермейтін сұйықтық беретін қалта және қалқа бар. Рециркуляция жүйесінің диаметрі 20-50 мм пластикалық құбырлардан, жабдықтау-ағызу, өшіру клапандары, жабдықтауды реттеуге арналған, жұмыс ерітіндісінің 2 цистернасы, ластанған сұйықтықтармен жұмыс істеуге арналған 2 суасты сорғысы, механикалық тазалауға арналған 4 сүзгі, силиконды біріктіретін құбырлардан тұрады. Жүйе құрамында бөгде фракциялары бар сұйықтықтармен жұмыс жасауға арналған (тұқымның енуі және т.б.). Сорғыны автоматты түрде қосу жүйесі жарықты қосудың қосымша мүмкіндігі бар 16 бағдарламаға арналған.

УЗК 12 қондырғысында 18 кг құрғақ астықты тиеген кезде Элита репродукциясының тұқымдық астығын пайдалана отырып, өндірістің барлық ережелерін сақтаған кезде 6-7 күн ішінде 120-140 кг жем өндіріледі.

Мақала бойынша деректер 2019 жылы 019 "Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу бойынша қызметтер" бюджеттік бағдарламасы бойынша "Қазақ тұлпары" ЖШС жылқы зауытында Қостанай тұқымының жылқыларының генетикалық әлеуетін арттыру және популяциясын сақтау үшін инновациялық технологияларды енгізу" тақырыбы бойынша алынды.

Зерттеу нәтижелері. Жылқы зауытындағы жылқыларды азықтандыру мақсатында сұлы өсіру және жасыл жем алу үшін гидропоникалық жүйе енгізілді. Жүйені енгізу жылқы зауытында отыз күн ішінде әр түрлі жыныстық және жастық топтағы жылқылар саны бойынша жүргізілді. Жылқы зауытында жылқыларды ұстаудың тұрақты жүйесі қолданылады. Жылқылар арнайы кораларда ұсталады (3×4 м) және жазда шабындықта серуендеуге мүмкіндігі бар.

Жылқы жемінің мөлшері мен сапасын анықтау кезінде оның энергетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру қажеттілігін де, ақуыз, минералдар мен дәрумендерге деген қажеттілікті де ескеру қажет. Жылқының энергетикалық заттар мен ақуызға қажеттілігі азық-түлік есебінен қанағаттандырылады (2-кесте) дәрумендер мен минералды заттарға қажеттілік – жемшөп пен витаминді-минералды қоспалар есебінен.

2-кесте - Тірі салмағы 450-500 кг Қостанай тұқымды айғырларының тәуліктік рационы

Көрсеткіштер	Кезеңдері		
	Кездейсоқ	Кездейсоқ емес	
		қыста	жазда
Аралас шөп пішені, кг	10	7	7
Арпа, кг	3	2	2
Шырмауық сұлы, кг	3	2	2
Бидай кебегі, кг	1	0,5	0,5
Сәбіз, кг	3	3	-
Тауық жұмыртқасы, шт.	4	-	-
Ас тұзы, г	40	40	40

Жылқы заводында жылқыларды азықтандыру күніне төрт рет жүргізіледі. Азықтың негізгі көзі ретінде мыналар қолданылады: шөп, оралған сұлы, арпа, бидай кебегі, сәбіз және дәрумендік қоспалар. Концентрлі жем 2 рет, пішен 4 рет беріледі.

Сәбіз жылқыларға кешкі уақытта, шөптің жартысын жеп болғаннан кейін және концентраттар берер алдында беріледі. Сәбізді бермес бұрын, оларды арнайы ванналарда жақсылап жуады және іріктейді.

Өсіру барысында гидропоникалық жасыл жем биенің ағзасына өте қажет А, В, Е дәрумендерімен байытылған. Гидропоникалық жасыл жемді қолданған кезде түсік түсіру саны азаятыны белгілі болды. Біздің міндетіміз-гидропоникалық жасыл жемнің сапасын бақылау және көгерудің дамуына жол бермеу. 3-кестеде гидропоникалық жасыл жем қолданылған бие рационы көрсетілген.

3-кесте - Тірі салмағы 450-500 кг Қостанай тұқымды жылқы биелерінің тәуліктік рационы

Көрсеткіштер	Бойдақ	Құлындаған биелер
Аралас шөп пішені, кг	8	10
Арпа, кг	1	1,5
Сығылған сұлы, кг	3	3
Бидай кебегі, кг	-	1
Күнбағыс шөбі, кг	0,5	-
Ас тұзы, г	30	30

Тәжірибе барысында гидропоникалық жасыл жем жылқылардың рационына біртіндеп енгізілді. Алғашқы уақыттарды бір жылқы басына берілетін жем мөлшері 200 г құрады. Кейіннен ол 400 г ұлғайтылса, ал бір аптадан кейін әр жылқы басына жұмсалатын гидропоникалық жасыл жем мөлшері 1000 г құрады, тәжірибенің екінші аптасының соңында-2000 г берілсе, ал тәжірибе кезеңінің соңында-3000 г құраған болатын. Жылқыларды өсірілген сұлымен азықтандыру энергетикалық қоректілігі бойынша бірдей концентраттар санын алмастыра отырып кешкі уақытта жүргізілді.

Қорытынды. Қорытындылай келе спорттық жылқыларды азықтандыруда гидропоникалық жасыл жемді пайдалану - жылқы рационындағы сіңірілетін ақуыздың көбеюіне, крахмал құрамының төмендеуіне және қанттың көбеюіне ықпал етеді. Сонымен қатар, жылқы рационындағы минералдар мен дәрумендердің мөлшері де айтарлықтай өседі. Рационның биологиялық құндылығы артады. Тәжірибені жүргізу барысында біз келесі көрсеткіштерді ескердік: азықтың метаболизмге және тірі массаға әсерін анықтау мақсатында, гидропоникалық жолмен өсірілген сұлыны беру кезеңіне дейін және одан кейін тәжірибелік топ жылқыларының өлшемдері алынды.

Тәжірибелік топтағы жылқылардың жалпы күйіне, жүріс-тұрысына және өнімділігіне бақылау жүргізілді. Жануарлардың рационына гидропоникалық жемді енгізу олардың денсаулығын, зат алмасуын және өнімділігін жақсартуға көмектесті. Гидропоникалық жасыл жемнің жылқы рационына қосылуы тәжірибеде дене салмағының артуына оң әсерін тигізді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесін бақылай отырып, жылқы рационында гидропоникалық жасыл жемді пайдалану жылқы ағзасында мынындай өзгерістер болатынын көрсетті: қанның биохимиялық құрамы жақсарады, бұлшықет өнімділігін артады, сыртқы түрін және тірі салмағын арттыруға ықпал етеді және олар үш ай ішінде дене пішінін қалпына келтіреді және жақсартыды, ішек жолындағы жаралары жоғалады, тыныс алу жолында пайда болатын аурулардың қаупі азаяды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Пристач Н.В., Алексеева Е.И., Федорова Н.Е. Эффективность использования гидропонных кормов в кормлении лошадей верховых пород. - Санкт-Петербург: ФГОУ «Санкт-Петербургский государственный аграрный университет», 2013. С.14.
2. Ружанский И. Использование гидропонного зеленого корма в рационе сельскохозяйственных животных и птиц [Электрон ресурс]. – 2016./Агрономия URL:<https://agrovesti.net/lib/tech/feeding-tech/ispolzovanie-gidroponnogo-zelenogo-korma-v-ratsione-selskokhozyajstvennykh-zhivotnykh-i-ptits.html>
3. Костюченко В.А., Булгаков В.М., Свирень Н.А., Дрига В.В. Агротехническое обоснование машин для производства гидропонного зеленого корма. - Кировоград: КОД, 2010. – 320 с.
4. Dedar R.K., Kumar V., Legha R.A., Bala P.A., Singh J., Sharma R.C., Singh R.K. Effect of green fodder on vitamin E status in Marwari horses // Veterinary Practitioner. – 2013. – Vol. 14, Issue 2. - P. 460-461
5. Carranza J., Yoong W.A., Vergara B.C., Briones A., Mateos C. Grass greenness flush can influence breeding phenology and fertility in equatorial thoroughbred mares in the absence of photoperiod variation // Animal Science Journal. – 2018. – Vol. 89, Issue 6. - P. 919-924
6. Рут Бишоп. Кормление лошадей. – М.: Аквариум Бук, 2004. - С. 75
7. Пристач Л.Н., Пристач Н.В. Использование гидропонных кормов в кормлении лошадей верховых пород // матер. нац. научн. конф. профессорско-преподавательского состава, научных сотрудников и аспирантов. – Санкт Петербург: СПбГАВМ, 2018. - С. 87-89.

ÄDEBIETTER TIZIMI

1. Pristach N.V., Alekseeva E.I., Fedorova N.E. Effektivnost' ispol'zovaniya gidropennyh kormov v kormlenii loshadej verhovyyh porod. - Sankt-Peterburg: FGOU «Sankt-Peterburgskij gosudarstvennyj agrarnyj universitet», 2013. S.14.
2. Ruzhanskij I. Ispol'zovanie gidroponnogo zelenogo korma v racione sel'skohozyajstvennyh zhivotnyh i ptic [Elektron resurs]. – 2016. / Agronomiya URL:<https://agrovesti.net/lib/tech/feeding-tech/ispolzovanie-gidroponnogo-zelenogo-korma-v-ratsione-selskokhozyajstvennykh-zhivotnykh-i-ptits.html>
3. Kostyuchenko V.A., Bulgakov V.M., Sviren' N.A., Driga V.V. Agrotekhnicheskoe obosnovanie mashin dlya proizvodstva gidroponnogo zelenogo korma. - Kirovograd: KOD, 2010. – 320 s.
4. Dedar R.K., Kumar V., Legha R.A., Bala P.A., Singh J., Sharma R.C., Singh R.K. Effect of green fodder on vitamin E status in Marwari horses // Veterinary Practitioner. – 2013. – Vol. 14, Issue 2. - P. 460-461
5. Carranza J., Yoong W.A., Vergara B.C., Briones A., Mateos C. Grass greenness flush can influence breeding phenology and fertility in equatorial thoroughbred mares in the absence of photoperiod variation // Animal Science Journal. – 2018. – Vol. 89, Issue 6. - P. 919-924
6. Rut Bishop. Kormlenie loshadej. – М.: Akvarium Buk, 2004. - S. 75
7. Pristach L.N., Pristach N.V. Ispol'zovanie gidropennyh kormov v kormlenii loshadej verhovyyh porod // mater. nac. nauchn. konf. professorsko-prepodavatel'skogo sostava, nauchnyh sotrudnikov i aspirantov. – Sankt Peterburg: SPbGAVM, 2018. - S. 87-89.

РЕЗЮМЕ

В данной статье описаны биологические аспекты выращивания гидропонных зеленых кормов для лошадей в условиях ТОО «Қазақ тұлпары». Зерно ячменя будет использоваться в выращивании гидропонных зеленых кормов для кормления лошадей. Дело в том, что ячменная культура занимает второе место по плодovitости после овса в кормлении лошадей. При выращивании ячменя очень важно, чтобы почва содержала большое количество удобрений, минеральных веществ и затрачивалась на это длительное время, а при выращивании гидропонным методом гидропонный раствор, необходимый для выращивания ячменя, содержит все минеральные добавки, необходимые для его скорейшего роста.

Кормление лошадей-важная задача, которую необходимо решить для улучшения качества жизни лошади. Многие хозяйственные учреждения, занимающиеся животноводством, допускают ошибки в организации кормления животных, и эти ошибки могут привести к негативным последствиям. Успешное функционирование и развитие животноводства определяется многими факторами, важнейшими из которых являются кормление, условия содержания и использования животных, их здоровье, генетическая ценность. То есть, по результатам исследований, в условиях ТОО «Қазақ тұлпары» мы проведем анализ биологических аспектов выращивания гидропонных кормов для лошадей и докажем, что они внесут вклад в дальнейшее развитие хозяйства.

Есенғалиев К.Г., ауылшаруашылық ғылымдарының докторы (Ресей Федерациясы), доцент, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0002-8820-5507>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, esenaliyev57@mail.ru

Әмір А.М., студент, <https://orcid.org/0000-0002-8820-5507>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, aisholpan.amirova@mail.ru

Шалқар Д.Ә., студент, <https://orcid.org/0000-0002-8820-5507>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, dildabek-1998@mail.ru

Құрбан Е.Қ., студент, <https://orcid.org/0000-0002-8820-5507>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, yerbolatkurban@mail.ru

Esengaliyev K.G., Doctor of Agricultural Sciences (Russian Federation), Associate Professor, the main author

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

Ämir A.M., student

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

Şalqar D.Ä., student

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

Qurban E.Q., student

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

ӘР ТҮРЛІ ГЕНОТИПТІ ЕТТІ - ЖҮНДІ ҚОЗЫЛАРЫНЫҢ ЕТ ӨНІМДІЛІГІ MEAT PRODUCTIVITY OF MEAT – WOOL LAMBS OF DIFFERENT GENOTYPES

Аннотация

Мақалада ақжайық етті – жүнді биязылау саулықтарын ақжайық және куйбышев тұқымдары қошқарларымен шағыстырылып алынған 4-4,5-7,5-8 айлық еркек қозыларының бақылау сойысының нәтижелері келтірілген. Зерттеулер көрсеткендей, КБ х АҚЕЖ будандары таза тұқымды құрдастарына қарағанда жақсы тірі салмаққа ие болды. Куйбышев қошқарлары будандары тірілей салмағы жылдамдылығы бойынша өз артықшылығын сақтады. Таза тұқымды АҚЕЖ х АҚЕЖ-мен салыстырғанда КБхАҚЕЖ тандау нұсқасындағы будан жануарлардың азықтандыру қасиеттері олардың азықты жақсы пайдаланғанын және жоғары тірі салмағын көрсетті.

Зерттелген генотиптердегі ет өнімділігінің сандық-сапалық белгілерін анықтау бойынша КБ х АҚЕЖ генотипінің АҚЕЖ х АҚЕЖ генотипінен булы ұшаның салмағы, сойыс салмағы, сойыс шығымы, ұшадағы бұлшықет тінінің құрамы және еттілік коэффициенті бойынша артықшылығын анықтады. Барлық топтар бойынша сойыс шығымы 7,5-8 айлығында 48,4-49,2% құрады.

7,5-8 айлық еркек қозыларды бақылау союындағы ет коэффициенті барлық топтардың қошқарларының әсерін көрсетті, куйбышев етті-жүнді қошқарларымен шағылыстырылып алынған будандардың ұшалары ет сапасы жағынан жоғары болды.

КБ х АҚЕЖ генотипінің бұлшықет тінінде ылғал аз болды, бірақ ақжайық таза тұқымды еркек қозылары ұшасындағы етімен салыстырғанда ақуыз мен май көп болды.

Жалпы алғанда, барлық еркек қозылардың ұшалары жақсы қалыптасып, куйбышев тұқымының қошқарларынан алынған будандары ең жақсы сою көрсеткіштерімен ерекшеленді және де етті-жүнді өнімділік бағытындағы қойларына сипатты.

ANNOTATION

The article presents the results of the control slaughter of 8 months. rams after feeding with feeding, obtained from the selection of semi-fine-fleece queens of Akzhaik meat and wool sheep with producers of Akzhaik and Kuibyshev breeds. Studies have shown that the KB x AKMSH crosses before feeding with feeding had a better live weight than purebred peers. During the feeding period with feeding in terms of the rate of gain in live weight, the Kuibyshev rams' hybrids retained their superiority. Feeding qualities of crossbred animals in the variant of selection of KB x AKMSH in comparison with purebred AKMSH x AKMSH indicates their better use of feed and better live weight.

Consideration of the quantitative and qualitative traits of meat productivity in the studied genotypes revealed the superiority of the KB x AKMSH genotype over the AKMSH x AKMSH genotype in terms of fresh carcass weight, slaughter weight, slaughter yield, muscle tissue content in the carcass and meat content coefficient. For all groups, the slaughter yield was 48,4 - 49,2%.

The meat content coefficient at the control slaughter of young animals at 7,5-8 months indicates the influence of producers of all groups, with somewhat better meat and wool rams in Kuibyshev, on improving the meat quality of carcasses.

The muscle tissue of the KB x AKMSH genotype contained less moisture, but more protein and fat in comparison with the meat of akzhaik purebred animals. There were no significant changes in the amount of ash, calcium and phosphorus in the muscle tissue of young animals of different genotypes.

In general, the carcasses of all the rams were well formed and characterized the sheep of the meat and wool direction of productivity with the best slaughter indicators from the producers of the Kuibyshev breed.

Түйін сөздер: *ақжайық, куйбышев, дене салмағы, ет өнімділігі, сою массасы, сою өнімділігі.*

Key words: *Akzhaik breed, Kuibyshev breed, body weight, meat productivity, slaughter weight, slaughter yield*

Кіріспе. Биязылау етті – жүнді бағыттағы қойлар өсу қуаты мен ет өнімділігінің жоғарлығымен, ерте жетілгіштігімен ерекшеленеді және азық шығындарын жақсы өтеп, кроссбредті жүн мен тері шикізатының негізгі көзі болып табылады [1-3].

Зерттеу мақсаты - әр түрлі генотиптегі етті-жүнді қошқарлардың шағыстыруынан алынған ақжайық етті-жүнді қой ұрпақтарының ет өнімділігіне әсерін зерттеу.

Материал және әдістемесі. Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданының «Қуаныш» ШҚ-ның ақжайық етті-жүнді қойларының табынында ет сапасын жақсарту мақсатында жұмыстар жүргізілуде, асыл тұқымды ақжайық етті-жүнді қойларымен қатар, өндірістік жағдайларда қолданылатын бірінші бағалау класындағы саулық қойларды шағығылыстыруда куйбышев етті-жүнді тұқымының қошқарлары пайдаланылды.

Тәжірибеде пайданылған аталық қошқарлар келесідей өнімділікпен сипатталды: ақжайық етті-жүнді тірі салмағы – 102 кг, жүн қырқымы – 8,0 кг, жүн ұзындығы – 15 см және 48 сапада, ал куйбышев етті – жүнді – 110 кг, 7,5 кг, 13 см және 50 сапада тиісінше.

Тәжірибеде әрбір топта 100 бастан бірінші бағалау класындағы қойлардың пайдаланылған саулықтар бір отарда, азықтандыру мен бағып - ұстаудың бірдей жағдайларында болды.

1 топ - ақжайық етті-жүнді тұқымының қошқарлары мен саулықтары (АҚЕЖ х АҚЕЖ);

2 топ - куйбышев қошқарлары мен ақжайық етті-жүнді тұқымының саулықтары (КБ х АҚЕЖ).

Зерттеу материалдары екі нұсқадан алынған ақжайық етті-жүнді қойлардың әр түрлі ұрпақтарының ет өнімділігі зерттелді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Қой шаруашылығында қой егін өндіру негізінен жас малды оның туған жылы етке тапсыру арқылы жүзеге асырылады, бұған әртүрлі аймақтарда жүргізілген көптеген ғалымдардың зерттеулері дәлел бола алады [4-7].

Зерттеудегі кроссбредті еркек қозылардың тірілей салмағының орташа тәуліктік салмақ қосуының көрсеткіштері 1–ші кестеде көрсетілген.

1-кесте - Қозылардың тірілей салмағы мен орташа тәуліктік салмақ қосуының динамикасы

Топтар	n	Салмағы, кг			Орташа тәуліктік салмақ қосуы, г	
		Туғанда	4–4,5 ай	7,5–8 ай	Туғаннан 4–4,5 айға дейін	4–4,5 айдан 7,5–8 айға дейін
I	94	4,42±0,11	30,58±0,23	36,10±0,51	218	55
II	96	4,65±0,13	32,26±0,22	37,35±0,54	230	51

Алынған нәтижелердің талдауы бойынша енесінен айырғанда және 7,5–8 айлығында жоғары тірілей салмақты куйбышев етті – жүнді қошқарларынан алынған қозылар тобында байқалды. 4–4,5 айлығында екінші топтағы кроссбредті еркек қозылары өзінің қатарластарынан 1,28 кг немесе 4,42%-ға артты ($P>0,99$).

2-кесте - 4–4,5 айлық еркек қозылардың сойыс көрсеткіштері

Көрсеткіш	Топтар	
	I	II
Салмағы, кг		
соыр алдындағы	32,50±0,34	34,70±0,31
булы ұша	14,40±0,21	15,70±0,25
іш майы	0,65±0,07	0,74±0,08
сойыс	15,00±0,12	16,40±0,18
Сойыс шығымы, %	46,10±0,27	47,30±0,31
Жұмсақ ет шығымы, %	77,10±1,13	79,3±1,26
Сүйек шығымы, %	22,9±0,28	20,7±0,29
Еттілік коэффициенті	3,36±0,12	3,84±0,17

Екінші топтағы кроссбредті еркек қозыларының тірілей салмағы бойынша артықшылығы жоғары өсу қарқынымен ерекшеленді. Оларда туғаннан 4–4,5 айға дейін аралығында орташа тірілей салмақ қосуы жоғары болды, 4–4,5 айдан 7,5–8 айға дейін де өсу қарқыны бірінші топтағы қатарластарымен салыстырмалы түрде жоғары болды.

4–4,5 айлығында әрбір топтан 3 бас еркек қозыдан бақылау сойысы жүргізілді. Бақылау сойыс нәтижелері 2 кестеде көрсетілген.

Сойыстан кейін кроссбредті еркек қозылардың булы ұша салмағы 14,4–15,7 кг, сойыс салмағы – 15,0 - 16,4 кг құрады. Сойыс шығымы 46,1-тен 47,3%-ға дейін құрады. Бір тәулік аш ұстағаннан кейін соыр алдындағы тірілей салмақ екінші топтағы еркек қозыларында жоғары болды – 34,7 кг, бірінші топқа қарағанда 2,2 кг артық.

Булы ұшаның жоғары салмағы екінші топта – 15,7 кг, бірінші топқа қарағанда 9,2%-ға жоғары. Бұл топта сонымен қатар жоғары сойыс салмағы болды. Сойыс шығымы екінші топта 47,3% құрады, бірінші топтағы қатарластарымен салыстырғанда 2,6%-ға жоғары.

Ұшадан етті сылып алғаннан кейін ұшадағы жұмсақ етпен сүйектің қатынасы анықталды. Жұмсақ еттің көп шығымы 79,3% екінші топта болды, сәйкесінше осы топта сүйектің үлесі 20,7%-ға төмен. Сүйектерінің ірілігімен екінші топ қозылары ерекшеленді. Ұшадағы сүйектердің үлесі екі топта 22,9–20,7% аралығында ауытқыды, ал жұмсақ еттің үлесі 77,1–79,3% құрады. Тиісінше еттілік коэффициенті екінші топта – 3,84 болды. 4–4,5 айында енесінен айырғаннан кейін еркек қозылар әртүрлі қырдың шөптерінен тұратын жақсы шөп жамылғысы бар күзгі жайылымдарда 7,5–8 айына дейін жайылды (3-кесте).

3-кесте – 7,5- 8 айлық еркек қозылардың сойыс көрсеткіштері

Көрсеткіш	Топтар	
	I	II
Салмағы, кг		
соыр алдындағы	42,00±0,71	44,20±0,71
булы ұша	19,19±0,82	20,55±0,68
іш майы	1,16±0,04	1,19±0,03
сойыс	20,03±0,80	21,74±0,88
Сойыс шығымы, %	48,40±0,72	49,20±0,79
Жұмсақ ет шығымы, %	77,8	79,9
Сүйек шығымы, %	22,20±0,71	20,10±0,73
Еттілік коэффициенті	3,50±0,11	3,97±0,15

Топтардағы еркек қозылардың тірілей салмағы 42,0 кг-нан 44,2 кг-ға дейін құрады. Соыр алдындағы жоғары тірілей салмақ екінші топ кроссбредті қозыларында – 44,2 кг болды, бірінші топпен салыстырғанда 2,2 кг немесе 5,2%-ға жоғары.

Ең ірі булы ұшалар екінші топ еркек қозыларынан алынды, олардың салмағы орташа 20,55 кг-ды құрады, бірінші топ булы ұшаларынан 7%-ға артық. Іш майының көп мөлшері куйбышев етті – жүнді тұқымының қозыларында болды, оның салмағы 1,19 кг, бірінші топ қозыларына қарағанда 2,6%-ға жоғары болды. Екінші топ кроссбредті қозыларында сойыс шығымы – 49,2%, бірінші топ қозыларына қарағанда 1,7%-ға жоғары. Екінші топта жоғары жұмсақ ет шығымы байқалды - 79,9%, сүйек шығымы 20,1%, еттілік коэффициенті – 3,97. Жасы үлкейген сайын сойыс шығымы, ұшадағы жұмсақ еттің шығымы және іш майының салмағы көбейетінін атап кету керек. 7,5–8 айға дейін сойыс шығымы бірінші топта – 4,9%-ға, ал екінші топта 4,0%-ға көбейді. Жұмсақ ет шығымы тиісінше 0,9% бен 0,8%-ға өсті. Бұл жасының өскен сайын бұлшық еттің қарқынды жиналуынан болады, тиісінше жасымен бірге пропорционалды түрде еттілік коэффициенті де көбейеді.

Еттің азық – түлік ретінде құндылығы құрамындағы ақуыздар мен энергетикалық құндылығына байланысты. Қозы етінің химиялық құрамын анықтау үшін жұмсақ етінің талдауы жүргізілді (4-кесте).

4-кесте - Кроссбредті қозы етінің химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығы

Топтар	Жұмсақ еттің құрамында				Энергетикалық құндылығы, МДж
	су	ақуыз	май	күл	
4–4,5 ай					
I	63,3±0,39	17,9±0,29	17,9±0,66	0,9±0,05	2256,5±2,68
II	62,2±0,46	17,7±0,26	19,2±0,81	0,9±0,05	2432,7±2,92
7,5–8 ай					
I	60,3±0,38	16,2±0,29	22,5±0,69	1,0±0,03	2894±2,72
II	60,1±0,37	16,0±0,30	23,0±0,71	0,9±0,04	2958,9±2,86

Топтардың орташа көрсеткіштерінде құрғақ заттың мөлшері 36,7 – 37,8%-ды құрады.

Зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді биометриялық өңдеу кезінде ылғал, ақуыз, май және минералдық заттардың алатын үлесі бойынша топтардың көрсеткіштері арасында анық байқалатын айырмашылық табылмады. Нақты айырмашылықтар 1 кг еттің энергетикалық құндылығын салыстыру барысында анықталды. Екінші топтағы будандарда 1 кг еттің құрамында 2432,7 МДж қуат құрады, бұл бірінші топтың көрсеткішімен салыстырғанда 176,2 МДж артық, дәлдігі $P>0,999$.

7,5–8 айлық кроссбредті қозылардың етінің химиялық құрамын зерттеу барысында будандардың жасы өскен сайын етінің құрамындағы ақуыздың мөлшері азайып, майдың мөлшері көбейгені анықталды. Бұл ағзада бұлшық ет массасының түзілуі белсенді жүретінімен, ал жасы өскен сайын организмде майдың шоғырлануымен түсіндіріледі.

Бірінші және екінші топтағы кроссбредті еркек қозылардың етінің энергетикалық құндылығы арасындағы айырмашылық $P>0,999$ кезінде 64,9 МДж немесе 2,2% құрады. Бұл жерде

куйбышев етті-жүнді қошқарларынан алынған будандардың еті жоғары энергетикалық құндылыққа ие екенін атап өту қажет.

Қорытынды. Осылайша кроссбредті еркек қозыларды бақылау сойысы кезінде барлық әдістерде енесінен айырғаннан кейінгі 4–4,5 айлық қозылардан салмағы 14,4-15,7 кг болатын ұшалар алынды, ал 7,5–8 айлығындағы ұшалардың орташа салмағы 19,19-20,55 кг тең болды, олар куйбышев етті-жүнді қошқарларынан алынған будандар.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кройтер М.К. Генетико – селекционные аспекты разведения кроссбредных овец. – Алма-ата, 1977. – 296 с.
2. Траисов Б.Б. Акжайкские мясо – шерстные овцы // Овцы, козы, шерстяное дело. – 2013. - №3. – С. 4-6.
3. Ульянов А.Н., Куликова А.Я., Катаманов С.Г.Создание пород овец мясо – шерстного и мясного направления продуктивности // Эффективное животноводство. – 2017. - №5. – С. 44-47.
4. Ерохин, С.А. Откормочные и мясные качества баранчиков разного происхождения в связи с обхватом пясти // Вестник Кыргызского аграрного университета. – 2008. - № 3. – С.156-159.
5. Косилов В.И., Шкилёв П.Н., Никонова Е.А. Особенности весового роста молодняка овец основных пород Южного Урала // Известия Оренбургского государственного аграрного университета. - 2011.- № 1 (29).- С. 93–97.
6. Ерохин А.И., Карасев Е.А., Ерохин С.А.Интенсификация производства и повышение качества мяса и овец. – М.: РГАУ-МСХА, 2015. 303 с.
7. Двалишвили В.Г., Опакай Ч.М.Мясная продуктивность молодняка мясо-шерстных овец разного происхождения // Овцы, козы, шерстяное дело. – 2018. -№ 4. –С.21-22.

ÄDEBIETTER TIZIMI

1. Kroiter M.K. Genetiko – selekcionnye aspekty razvedeniya krossbrednyh oves. – Alma-ata, 1977. – 296 s.
2. Traisov B.B. Akjaikskie myaso – şerstnye ovtsy // Ovsy, kozy, şerstyanoe delo. – 2013. - №3. – S. 4-6.
3. Ulyanov A.N., Kulikova A. YA., Katamanov S.G.Sozdanie porod oves myaso – şerstnogo i myasnogo napravleniya produktivnosti // Effektivnoe jivotnovodstvo. – 2017. - №5. – S. 44-47.
4. Erohin, S.A. Otkormochnye i myasnye kachestva baranchikov raznogo proishojdeniya v svyazi s obhvatom pyasti // Vestnik Kyrgyzskogo agrarnogo universiteta. – 2008. - № 3. – S.156-159.
5. Kosilov V.I., Şkilëv P.N., Nikonova E.A. Osobennosti vesovogo rosta molodnyaka oves osnovnyh porod jnogo Urala // İzvestiya Orenburgskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta. - 2011.- № 1 (29).- S. 93–97.
6. Erohin A.I., Karasev E.A., Erohin S.A.İntensifikasiya proizvodstva i povyšenie kachestva myasa i oves. – M.: RGAU-MSHA, 2015. 303 s.
7. Dvalişvili V.G., Opaikai Ch.M.Myasnaya produktivnost molodnyaka myaso-şerstnyh oves raznogo proishojdeniya // Ovsy, kozy, şerstyanoe delo. – 2018. -№ 4. –S.21-22.

РЕЗЮМЕ

В статье приведены результаты контрольного убоя 4-4,5-7,5-8 мес. баранчиков, полученных от подбора полутонкорунных маток акжайкских мясо-шерстных овец с производителями акжайкской и куйбышевской пород. Проведенные исследования показали, что помеси КБ х АКМШ имели лучшую живую массу, чем чистопородные сверстники. По скорости набора живой массы помеси куйбышевских баранов превосходили акжайкских мясо-шерстных. Нагульные качества помесных животных в варианте подбора КБ х АКМШ по сравнению с чистопородными АКМШ х АКМШ свидетельствует о лучшем использовании ими корма и лучшей живой массой.

Рассмотрение количественно-качественных признаков мясной продуктивности у исследуемых генотипов выявило превосходство генотипа КБ х АКМШ над генотипом АКМШ х АКМШ по массе парной туши, убойной массе, убойному выходу, содержанию мышечной ткани в туше и коэффициенту мясности. По всем группам убойный выход в 7,5-8 месяцев составил 48,4 - 49,2 %.

Коэффициент мясности при контрольном убое молодняка в 7,5-8 месяцев свидетельствует о влиянии производителей всех групп, с несколько лучшими у куйбышевских мясо-шерстных баранов на улучшение мясных качеств туш.

В мышечной ткани генотипа КБ х АКМШ влаги содержалось меньше, но больше протеина и жира по сравнению с мясом акжайских чистопородных животных.

В целом, туши всех баранчиков были хорошо сформированы и характеризовали овец мясо-шерстного направления продуктивности с лучшими показателями убоя от производителей куйбышевской породы.

ӨОЖ 633.2.03

DOI 10.52578/2305-9397-2021-1-2-26-29

Ирзагалиев Қ.С., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0003-3553-5307>

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, 060011, Студенттер даңғылы 1, Атырау қ., Қазақстан Республикасы, kosybek@inbox.ru

Махамбет М.Қ., жаратылыстану ғылымдарының магистрі, <https://orcid.org/0000-0002-7881-873X>

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, 060011, Студенттер даңғылы 1, Атырау қ., Қазақстан Республикасы, moldir_mahambet@mail.ru

İrzagaliyev Q.S., Doctor of Agricultural Sciences, the main author

Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, 060011, Studenchesky Ave. 1, Atyrau, Republic of Kazakhstan

Mahambet M.Q., Master

Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, 060011, Studenchesky Ave. 1, Atyrau, Republic of Kazakhstan

ТАБИҒИ ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ISSUES OF RATIONAL USE OF NATURAL PASTURES

Аннотация

Мақалада Атырау облысының табиғи жайылымдық жерлерінің қазіргі жағдайы мен осы мәселелерді шешу жолдары көрсетілген. Жайылымдарды пайдалану және олардың жем-шөптің жоғары өнімділігін қамтамасыз ету биогеоценоздың маңызды зоналық түрлерінің тұтастығын, олардың құрылымын қорғауға арналған жүйені қамтуы керек, жайылым өсімдіктерін қорғаудың негізгі формаларының бірі оны ұтымды пайдалану болып табылады.

Сондай-ақ, мақалада Қызылқоға ауданындағы «Ақмөншак» шаруа қожалығы иелігіндегі жайылым шөптері қауымдастықтарының химиялық құрамы мен мал азықтық маңызын зерттеу жұмыстарының нәтижелері берілген. Қоректік құндылығы бойынша ең жақсысы – жусанды-қараотты астық тұқымдас түрлі шөпті жайылымдар екендігі анықталды.

Шалғайдағы мал жайылымдарын жеңіл-желпі жақсартудағы тиімді әдіс – ауа режимдерін реттеу үшін сыдыра өңдеу және қыс мезгілінің аяғына таман өсімдіктердің үстінен екпе шөптер себу, ал түбегейлі жақсарту үшін көпжылдық екпе шөптер мен олардың қоспасын егу тиімді.

ANNOTATION

The current state of pasturable grounds of Atyrau region and offered solutions of these problems is given in the article.

The use of pastures and ensuring their high forage productivity should include a system for protecting the integrity of the most important zonal types of biogeocenosis, their structure, one of the main forms of protecting pasture vegetation is its rational use.

Also, the article presents results of study of the chemical composition and nutritional value of the association of pasture plants of «Akmonshak» farm Kyzylkoga district. Best for food quality is natural grasslands with sagebrush and halophytic grass-forb community.

Effective technique of superficial improvement of distant pastures of the desert is two-times disk plowing for air regime regulation and-winter sowing of perennial grasses, and for radical improvement perennial grasses and their mixes during the early-spring period are offered.

Түйін сөздер: алқаптар, жайылым, ауыспалы жайылым, рацион, шөлейттену, жайылым оты, жеңіл-желпі жақсарту.

Key words: *fields, pastures, rotational pastures, rations, desertification, pasture fires, improvement*

Кіріспе. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында «... Жер кодексінің жекеленген нормаларында қатысты енгізілген мораторийдің мерзімі аяқталды. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді айналымға енгізіп, халықтың игілігіне жарату – өте маңызды мәселе» - деп, пайымды пікір, ордалы ой айтты.

Жердің де киесі бар, оны баптай білсек, малға өріс, елге құт. Жайылымдық жерлерді пайдалануды дұрыс ұйымдастыру көптеген мәселелерді оң шешуге көмектеседі, яғни деградациялау үрдістерін тоқтату, ауа-райының өзгеруіне байланысты қауіпті төмендету және тағы да басқалар жатады. Әрине, жайылымдық жерлердің деградациялануы – әлемдік проблема, оған тосқауыл ретінде жайылымдық ресурстарды басқаруда дәстүрлі және инновациялық көзқараспен орындауды қоюға болады.

Жайылымдық жерлерді тиімді пайдалануға кедергі болып отырған мәселелерге жайылым ресурстарын басқару жүйесінің жергілікті деңгейде жасалмауы. Сондықтан, жайылымдар ресурстарын басқару және реттеу әдістерін жасауда олардың иелері, фермерлер мен шаруа қожалықтарының жайылымды пайдаланудағы белсенділігін арттыру қажет.

Атырау облысы көлемінің 80%-ға жуығы жайылым мен шабындық жерлер құрайды. Бұл ауқымды алқаптарды өз мақсатында ұқыпты пайдаланса, арзан да сапалы, мол мал өнімдерін өндіруге жеткілікті.

Облыс жайылымдары ландшафтың әртүрлілігімен ерекшеленеді, негізгі шалғайдағы жайылымдықтар шөл-шөлейт, құмды жерлерде және де төрт-түлік малдың басым бөлігі сол аймақта орналасқан. Бірақ та қысы-жазы бойы бір орында отырып, жайылымды жүйесіз пайдаланудың нәтижесінде көптеген массивтер эрозияға ұшырап, оларды шұғыл жақсартуды қажет етеді.

Зерттеу орны, нысандары мен әдістемелері. Бүгінде облыстағы жайылым алқаптарының жартысына жуығы ғана пайдаланылады. Оның себебі, бұрынғы жайылымдық алқаптарда тұщы жер асты су көздерінің ашуы, тартылуы, тереңнен су көздерін іздестіру жұмыстарының жүргізілмеуі және де экологиялық, антропогендік факторлар әсерінен болып отыр. Ал шалғайдағы жайылымдар пайдаланылмау себебінен табиғи өсімдіктер жамылғысы регенерациялық күйге көшуде, мүк басып, олар өз кезегінде жайылымдық өсімдіктердің өсіп-дамуына зиянын тигізуде.

Л.Я.Курочкина жайылым экожүйелерін пайдаланудың тиімді тәсілдерін жасауда табиғи және жайылымдық алмасуды есепке алу негізінде жүргізу керектігін айтады [1].

Ғалымдардың есептеуінше антропогендік факторлардың әсерінен тозған жерлердің өсімдігі 30%-ға дейін төмендеген және осының бәрі мал қондылығының төмендеуіне әкеліп соғады. Аталған жағдайда, деградацияға ұшыраған жерлерді қалпына келтіру арқылы жайылым ресурстарын дұрыс пайдалануды ұйымдастыру шөлді аймақтың шалғайдағы мал шаруашылығын дамытудың үлкен мүмкіндігіне айналып, ет өнімдерін өндірудің аясын кеңейтеді және сол арқылы жергілікті тұрғындардың әл-ахуалын жақсартады. Шалғайдағы мал шаруашылығының негізі болып, жайылымдықтарды ұйымдастыру және оларды кепілді су көздерімен жабдықтау, сонымен қатар, күнделікті жұмыс пен малшы тұрмысына жағдай жасау саналады. Сондықтан, шөлді аймақ жайылымдарының деградациялау себептерін анықтау арқылы оны қалпына келтірудің бейімделген шараларын өндіріске енгізу кезек күттірмейтін өзекті міндеттер болып есептеледі.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау. Облыстағы Құрманғазы ауданының «Ниетбай» өңірі жайылымдарының эрозияға ұшырау себептерін анықтау үшін 2016 – 2017 жылдары «Мақаш» өндірістік кооперативінің 2500 мыңнан астам гектар табиғи жайылымына мониторинг жасалып, жердің тозу дәрежесіне байланысты 3 категорияға бөлдік, яғни табиғи өсімдіктердің жобалық жамылғысы 50-60%-дан жоғары жерлер – 1100 гектар; 40-50% - 500 гектар; 40%-дан төмен дәрежедегі жерлер – 500 гектар, 600 гектар жер көшпелі құм басып эрозияға ұшыраған деп келісілген. Өткен жылы осы аталған өңірдегі деградацияланған 200 гектар жайылымның ауа-райын реттеу үшін және өнімділігін жоғарлату мақсатында сыдыра өңдеу жүргізілді. Сонымен қатар, осы мониторингінде жайылымдық табиғи өсімдіктер қауымдастығы, құрамы, түрлері, тіршілік жағдайлары, орналасу тығыздығы, жылдың әртүрлі кезеңдеріндегі өнімділігі, тағы да басқа көрсеткіштері анықталды.

Жүргізілген экологиялық және шаруашылықтық мониторинг нәтижелері көрсеткендей, шөлді аймақтың өсімдіктер қауымдастағы негізінен құмда өсетін қоңырбас тұқымдастығынан тұрады. Олардың ішіндегі өте бағалы көпжылдықтарға қылта селеу, шөл еркекшөбі, ақ ший, жуашықты қоңырбас және ылғалды жерлерде көп тараған кәдімгі қамыс жатады. Кебірлі жерлерде тұзға төзімді қоңырбас тұқымдастар: ақмамықтар түрлері, ал бір жылдық қоңырбас тұқымдастығынан эфемерлер – шығыс мортығы, бұршақ тұқымдастарынан – жантақ, жалаңаш мия, күрделі гүлділерден – жусан түрлері және басқалар кездеседі. Тұзды топырақты жерлерде бағалы малазықтық өсімдіктер: изен, сұр теріскен, камфоросма, ебелек, бұйырғын, күйреуік, боялыш, татар алабұтасы және т.б. өседі.

Шөлді аймақтың жайылымдықтарының көкбалауса өнімділігі бөліну санаттарына байланысты әртүрлі деңгейде болды. Егер көктемде көкбалауса өнімділігі 3,7-9,7 ц/га болса, жазда – 2,6-5,5 ц/га, ал күзде 3,2-7,9 ц/га-ға жетті. Ең жоғары өнімділік табиғи өсімдіктер жамылғысы 65%-дан асқан жайылымдардан 5,5-9,7 ц/га мөлшерінде алынса, ал ең төменгісі – өсімдіктер 25-40% және 25%-дан төменгі өсімдік жамылғылары сақталған нұсқалардан жиналды (3,1-4,5 ц/га), сондықтан ондай жайылымдарды жақсарту керек.

Экологиялық-шаруашылықтық мониторинг нәтижелері көрсеткендей, шаруашылықтың барлық жайылымдарының 38%-ы үстірт жақсартуды және 15%-ы түбегейлі жақсартуды қажет ететіндігі анықталды.

5. Kumar M., Ramanathan A., Tripathi R., Farswan S., Kumar D., Bhattacharya P. A study of trace element contamination using multivariate statistical techniques and health risk assessment in groundwater of Chhaprola Industrial Area, Gautam Buddha Nagar, Uttar Pradesh, India // Chemosphere. – 2017. - №166. - P.135–145.
6. Mohmand J., Fasola M., Alamdar A. and et.al. Human exposure to toxic metals via contaminated dust: Bio-accumulation trends and their potential risk estimation // Chemosphere. 2015, (132), P.142–151.
7. Sarsembayeva N.B., Abdigaliyeva T.B., Utepova Z.A. and et.al. Heavy metal levels in milk and fermented milk products produced in the Almaty region, Kazakhstan // Veterinary World (India). - 2020. - V13(4). – R. 609-613.
8. Kazhmukhanbetkizi Z.A., Eleubaevich N.B., Maksutovna B.S. The content of heavy metals in the grass, in water and milk of Mares according to the season of the year // Ukrainian Journal of Ecology. – 2019. - № 9(1). – R. 86-88.
9. Sharifi Z., Hossaini S.M.T., Renella G. Risk assessment for sediment and stream water polluted by heavy metals released by a municipal solid waste composting plant // Journal of Geochemical Exploration. - 2016. - Vol.169. - P. 202-210.
10. Hussain S., Habib-Ur-Rehman M., Khanam T. Health Risk Assessment of Different Heavy Metals Dissolved in Drinking Water // Int. J. Environ. Res. Public Health. – 2019. - № 16(10). - P. 1737.
11. Alina M., Azrina A., Mohd Yunus A.S., Mohd Zakiuddin S., Mohd Izuan Effendi H., Muhammad Rizal R. Heavy metals (mercury, arsenic, cadmium, plumbum) in selected marine fish and shellfish along the Straits of Malacca // Int Food Res J. 2012. - № 19(1). - R.135–140.
12. Salimbaeva R.A. Ekologicheskie problemy yuzhnogo Kazakhstana i ih vliyanie na stroitel'stvo ekonomicheskogo poyasa vdol' novogo shelkovogo puti // Mezhdunarodnyj zhurnal prikladnyh i fundamental'nyh issledovaniy. – 2015. – № 12 (chast' 6) – S. 1105-1108.

РЕЗЮМЕ

В статье представлены результаты о содержании тяжелых металлов, таких как кадмий, свинец, ртуть, мышьяк в пробах воды крупных хозяйств, расположенных в Алматинской области. Работы по отбору проб с объектов проводились в весенний, летний и осенний периоды 2020 года. Всего было проанализировано 20 проб воды. Работы по определению концентрации тяжелых металлов в пробах воды проводились на атомном адсорбционном спектрометре Nova AA350 с вольтамперометрическим анализатором TaLab.

Среднее содержание свинца в пробах воды составило 0,04 мг/л. При этом содержание кадмия весной составляло в среднем – 0,0003 мг/л, что в два раза ниже предельно допустимой концентрации. При мониторинговой оценке содержания тяжелых металлов (Hg, Cd, Pb, As) в воде базовых хозяйств Алматинской области, установлено, что их показатели не превышают предельно допустимые.

Полученные результаты могут служить основой для проведения мониторинга состояния окружающей среды по содержанию тяжелых металлов в природных объектах страны.

Көшкімбаев С.С., ветеринария ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0003-4081-9283>

«Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, 050010, Абай даңғ., 8, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, seryk.koshkymbaev@gmail.com

Нұрғожаева Г.М., ветеринария ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, <https://orcid.org/0000-0003-4081-9283>

«Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, 050010, Абай даңғ., 8, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, Gulsyn.Nurgozhayeva@kaznau.kz

Алтеннов А.Е., ветеринария ғылымдарының магистрі, ассистент, <https://orcid.org/0000-0003-4081-9283>

«Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, 050010, Абай даңғ., 8, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, altenov.abdirazak@mail.ru

Жолдасбекова Ә.Е., Ph.D, аға оқытушы, <https://orcid.org/0000-0003-4081-9283>

«Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, 050010, Абай даңғ., 8, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, zholdasbekova89@gmail.com

Шаяхмет Е.Б., ветеринария ғылымдарының магистрі, ассистент, <https://orcid.org/0000-0003-4081-9283>

«Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, 050010, Абай даңғ., 8, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, shayahmet94@mail.ru

Koshkymbaev S.S., Master of Veterinary Sciences, Senior Lecturer, the main author

«Kazakh National Agrarian Research University» NPJSC, 050010, Abay Ave., 8, Almaty, Republic of Kazakhstan

Nurgozhayeva G.M., Candidate of Veterinary Sciences, Associate Professor

«Kazakh National Agrarian Research University» NPJSC, 050010, Abay Ave., 8, Almaty, Republic of Kazakhstan

Altenov A.E., Master of Veterinary Sciences, Assistant

«Kazakh National Agrarian Research University» NPJSC, 050010, Abay Ave., 8, Almaty, Republic of Kazakhstan

Zholdasbekova A.E., Ph.D, Senior Lecturer

«Kazakh National Agrarian Research University» NPJSC, 050010, Abay Ave., 8, Almaty, Republic of Kazakhstan

Shayakhmet E.B., Master of Veterinary Sciences, Assistant

«Kazakh National Agrarian Research University» NPJSC, 050010, Abay Ave., 8, Almaty, Republic of Kazakhstan

**ІШЕК - ҚАРЫН АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН - АЛУ МАҚСАТЫНДА
ҚОЛДАНЫЛАТЫН ПРОБИОТИКТІ БЕРГЕННЕН КЕЙІНГІ БҰЗАУ ҚАНЫНЫҢ
ИММУНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ
IMMUNOLOGICAL PARAMETERS OF CALVES ' BLOOD AFTER ADMINISTRATION
OF PROBIOTIC USED FOR THE PREVENTION OF INTESTINAL DISEASES**

Аннотация

Пробиотики - тірі микроорганизмдерден және микробты заттардан құралған препарат, ол табиғи жолмен қолдану барысында физиологиялық, биохимиялық және иммундық реакцияларды микробты экологиялық жүйелерді қоздыру арқылы ағзаға пайдалы әсер береді.

Мақалада бұзаудың ішек-қарын аурулары кезінде қолданылған жаңа пробиотикті препараттың дауалық тиімділігін зерттеу нәтижелері келтірілген. Зерттеу барысында жаңа препарат ішек-қарын ауруларының бұзаулар арасында кездесуін барынша төмендететіні анықталды.

ANNOTATION

Probiotics are microorganisms used for therapeutic purposes, as well as foods and supplements containing live microcultures.

Probiotics act on the gastrointestinal ecosystem by influencing immune mechanisms in the mucosa, interacting with symbiotic or potentially pathogenic microbes, generating metabolic products and communicating with host cells through chemical signals. These mechanisms can lead to antagonism with potential pathogens, improvement of the gastrointestinal environment, strengthening of the gastrointestinal barrier, negative feedback to inflammation, and feedback to the immune response to antigenic challenges.

The article presents the results of a study of the controversial effectiveness of a new probiotic drug used in gastrointestinal diseases of calves. In the course of the study, it was found that the new drug minimizes the occurrence of intestinal diseases among calves.

Түйін сөздер: пробиотик, Т-лимфоциттер, В-лимфоциттер, *E. coli*, Фагоцитарлық белсенділік, иммунологиялық өзгеріс.

Key words: Probiotic, T-lymphocytes, B-lymphocytes, *E. coli*, phagocytic activity, immunological changes.

Кіріспе. Мал шаруашылығының қарқынды дамуына қарай төлдегеннен кейінгі төл басын сақтау өзекті мәселе екені белгілі. Оның басты себебі төлдердің әлсіз, әрі төзімділігі төмен болып туылуымен тығыз байланысты [1]. Бұзаудың асқазан ішек аурулары шаруашылықтарда кеңінен таралған, әрі зат алмасу процесінің бұзылуымен, иммунитет жетіспеушілігінен және өндірістік мал шаруашылығының жағдайына бейімделмеуінің себебінен туындағандықтан, олар үнемі ветеринариялық бақылауды талап етеді [2]. Бұдан басқа, асқазан ішек аурулары шаруашылыққа үлкен экономикалық шығын әкеледі [3]. Сондықтан, төлдердің асқазан ішек ауруларын емдеуден бұрын оның алдын алу тиімді. Себебі, бұл аурулар кезінде антибиотиктер мен басқа да химиятерапиялық заттарды жиі және бейберекет қолдану емдеу шараларының төмендеуіне әкеп соқтырады [4]. Осыған байланысты, антибактериялық препараттарды қолдануды шектеу ұсынылуда. Сондықтан, ветеринарияда антибиотиктің баламасы ретінде пробиотиктерді қолдануға кеңінен жол ашылуы мүмкін [5].

Осы айтылған мәселелерге орай, біздің зерттеуіміздің басты мақсаты бұзаудың асқазан-ішек ауруларын дауалау үшін *E. coli* «Б-7» штаммынан дайындалған пробиотикті қолданудың тиімділігін зерттеу болып табылды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Тәжірибені жүргізу үшін Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, «Хабит» шаруа қожалығында жаңа туылған бұзауларды үш топқа бөліп, әр топта 20 бас бұзау болды. Бақылау тобындағы бұзауларға ешқандай препарат берілмеді. Бірінші тәжірибелік топқа бір бұзауға есептегенде препараттан 0,5мл тәулігіне 1 реттен 7 күн бойы ішке берілді. Екінші тәжірибелік топқа бір бұзауға есептегенде препараттан 1мл тәулігіне 1 реттен 7 күн бойы ішке берілді. Пробиотикті бұзауға берудің алдында 10 мл 40% глюкоза ерітіндісінде сұйылтылды. Тәуліктік, 10, 20 және 30 күндік жастағы бақылау және тәжірибедегі бұзаулардан қан алынып, иммунологиялық зерттеулер жүргізілді. Қанда Т- және В-лимфоциттердің санын, фагоцитарлық белсенділігін және фагоцитарлық индексті анықтадық. Шеткі қандағы Т- және В-лимфоциттердің санын анықтау «лейкозға төзімділігі мен бейімділігіне байланысты ірі қара малдың гистосәйкестіліктің бас кешенін молекулалық-генетикалық және статистикалық зерттеу әдістері» (1998) әдістемелік ұсынысында көрсетілгендей жүргізілді. Қаннан лимфоциттерді бөліп алу үшін центрифугалау арқылы фиоллверографин ерітіндісінде тығыздығы 1,077 г/мл градиенттен өткізілді. Лимфоциттерді шаю және қайта суспензиялау үшін рН 7,2 болатын физиологиялық ерітінді қолданылды. Нейтрофильдердің фагоциттік белсенділігін Лейрихтің өзгертілген әдісімен анықталды.

Сонымен бірге ауырған және өлген бұзаулар да есепке алынды.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу нәтижелері 1-кестеде көрсетілген. Кестеде көрсетілгендей, жаңа туылған бұзауларға пробиотикті қолдану төлдердің қанындағы Т- және В-лимфоциттердің санының ұлғаюына әкелді.

1-кесте – Бұзау қанының иммунологиялық көрсеткіштері

Бақылау мерзімі	Тәжірибелік топтар		
	Бақылау тобы	Бірінші топ	Екінші топ
Т-лимфоциттер, %			
Тәуліктік бұзау	32,4±1,033	33,2±0,86	34,4±1,40
10 күндік бұзау	34,8±0,66	41,6±0,98***	44,0±0,95***
20 күндік бұзау	39,0±0,55	41,4±0,81*	44,6±1,03**
30 күндік бұзау	40,8±1,32	44,4±0,75	45,2±0,73
В-лимфоциттер, %			
Тәуліктік бұзау	8,6±0,60	8,6±0,51	8,6±0,68
10 күндік бұзау	8,4±0,81	10,8±0,58*	11,6±0,51*
20 күндік бұзау	11,0±0,63	15,2±0,73**	16,8±0,86*
30 күндік бұзау	11,0±0,55	16,4±0,81**	17,2±1,07**
Фагоцитарлық белсенділігі, %			
Тәуліктік бұзау	29,2±0,86	29,4±0,98	29,4±0,51
10 күндік бұзау	39,4±0,68	44,6±0,68***	45,8±1,16**
20 күндік бұзау	42,6±1,29	49,4±0,67***	50,6±1,03***
30 күндік бұзау	46,8±0,97	54,8±1,66*	55,6±1,78*
Фагоцитарлық индекс			
Тәуліктік бұзау	1,24±0,04	1,25±0,03	1,27±0,02
10 күндік бұзау	2,86±0,06	3,52±0,17**	4,48±0,14***
20 күндік бұзау	3,00±0,09	3,58±0,07**	4,84±0,84***
30 күндік бұзау	3,38±0,12	4,04±0,05**	5,02±0,07**
Ескерту: * - p<0,05; ** - p<0,01; *** - p<0,001			

Бірінші тәжірибелік топтағы бұзаулардың Т-лимфоциттерінің саны бақылау тобындағы 10 күндік бұзаулардан 19,54% (p<0,001) ұлғайса, 20 күндік бұзаулардан – 6,15% (p<0,05), 30 күндіктен – 8,82% көбейген. Екінші тәжірибелік топтағы бұзаулардың Т лимфоциттерін санау кезінде осыған ұқсас өзгергені анықталды. Айырмашылық 8,33- 20,69% құрады.

Ал, бірінші және екінші топтағы 10 күндік бұзаулардың В-лимфоциттердің саны бақылау тобындағыларға қарағанда сәйкесінше жоғары болды: 28,57 (p<0,05) және 26,19% (p<0,05), 20 жастағы бұзауларда – 39,18 (p<0,01) және 34,55% (p<0,05), сондай ақ бақылаудың соңғы күнінде – 49,09 (p<0,01) және 47,27% (p<0,01) көрсетті.

Сонымен қатар, төлдерге пробиотикті беру кезінде торшалық факторлардың табиғи резистенттілігінің күшейгендігі байқалды.

Тәжірибелік топтардағы бұзаулардың қанын зерттеу кезінде нитрофильдердің фагоцитарлық белсенділігі 10 күндік бұзауларда бақылау тобымен салыстырғанда барынша көтерілген; 13,19 – 13,71% (p<0,01), 20 күндік бұзауларда – 15,96-16,43% (p<0,001), 30 күндік бұзауларда -16,67-17,09% (p<0,05) болды. Осы уақыт аралығында нитрофильдердің фагоцитарлық индексі анықталып, сәйкесінше төмендегідей көрсеткіштерге ұлғайған; 21,68-23,08% (p<0,01-0,001), 19,33-28,00% (p<0,01-0,001) және 18,93-19,53% (p<0,01-0,001) болды.

Қорытынды. Сонымен жаңа туылған бұзаулардың ішек –қарын ауруларының алдын алуда және төл организмнің иммунологиялық статусын көтеруге пробиотикті қолдану өте жоғары деңгейде тиімді екенін көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бияшев К.Б. Сальмонеллезы животных и меры борьбы. - Алма-Ата, 1991. – 42 с.
2. Абдуллин Х.Х. К вопросу этиологии и диагностики желудочно-кишечных болезней телят // Ветеринария. - 1978. - № 1. - С. 83-84.
3. Авакянц Б.М. Опыт лечения и профилактики энтерита телят // Ветеринария. - 1997. - № 9. - С. 34-36.
4. Алексин, М.М. Сравнительная профилактическая эффективность энтеробифидина и лактобактерина при диспепсии у новорожденных телят. - Витебск - 1996. -19 с.
5. Андросик Н.Н. Опыт широкого применения пробиотика сублицина для профилактики и лечения желудочно-кишечных болезней телят и поросят // Ветеринарная медицина Беларуси. - 2004. - № 5 - С. 23-24.
6. Анохин Б.М. Профилактика болезней телят. - Воронеж - 1980.-С. 15-48.

ÄDEBIETTER TIZIMI

1. Biyashev K.B. Sal'monellezy zhivotnyh i mery bor'by. - Alma-Ata, 1991. – 42 s.
2. Abdullin H.H. K voprosu etiologii i diagnostiki zheludочно-kishechnykh boleznej telyat // Veterinariya. - 1978. - № 1. - S. 83-84.
3. Avakayanc B.M. Opyt lecheniya i profilaktiki enterita telyat // Veterinariya. - 1997. - № 9. - S. 34-36.
4. Aleksin, M.M. Sravnitel'naya profilakticheskaya effektivnost' enterobifidina i laktobakterina pri dispepsii u novorozhdennykh telyat. - Vitebsk - 1996. -19 s.
5. Androsik N.N. Opyt shirokogo primeneniya probiotika sublicina dlya profilaktiki i lecheniya zheludочно-kishechnykh boleznej telyat i porosyat // Veterinarnaya medicina Belarusi. - 2004. - № 5 - S. 23-24.
6. Anohin B.M. Profilaktika boleznej telyat. - Voronezh - 1980.-S. 15-48.

РЕЗЮМЕ

Пробиотики - это микроорганизмы, использующиеся в терапевтических целях, а также пищевые продукты и биологически активные добавки, содержащие живые микрокультуры.

Пробиотики действуют на экосистему желудочно-кишечного тракта, влияя на иммунные механизмы в слизистой оболочке, взаимодействуя с симбиотическими или потенциально патогенными микробами, генерируя продукты метаболического обмена и коммуницируя с клетками хозяина посредством химических сигналов. Эти механизмы могут приводить к антагонизму с потенциальными патогенами, улучшению среды желудочно-кишечного тракта, укреплению желудочно-кишечного барьера, отрицательной обратной связи с воспалением и обратной связи с иммунным ответом на антигенные вызовы.

В статье представлены результаты исследования спорной эффективности нового пробиотического препарата, применяемого при желудочно-кишечных заболеваниях телят. В ходе исследования было установлено, что новый препарат минимизирует встречаемость кишечных заболеваний среди телят.

ӨОЖ 619:616.3

DOI 10.52578/2305-9397-2021-1-2-116-124

Мауланов А.З., ветеринария ғылымдарының кандидаты, профессор, **негізгі автор**, 0000-0001-8356-0342

«Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, 050010, Абай даңғ., 8, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, Maulanov@kaznau.kz

Кузембекова Г.Б., ветеринария ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, <https://orcid.org/0000-0002-7914-7835>

«Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, 050010, Абай даңғ., 8, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, gulnur.kuzembekova@kaznau.kz

Амиргалиева С.С., ветеринария ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, <https://orcid.org/0000-0002-7914-7835>

«Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, 050010, Абай даңғ., 8, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, Svetlana.Amirgaliyeva@kaznau.kz

Валиева Ж.М., Ph.D, аға оқытушы, <https://orcid.org/0000-0002-8793-6383>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, zhadrysha_85@mail.ru

Maulanov A.Z., Candidate of Veterinary Sciences, Professor, the main author

«Kazakh National Agrarian Research University» NPJSC, 050010, Abay Ave., 8, Almaty, Republic of Kazakhstan

Kuzembekova G.B., Candidate of Veterinary Sciences, Associate Professor

«Kazakh National Agrarian Research University» NPJSC, 050010, Abay Ave., 8, Almaty, Republic of Kazakhstan

Amirgaliyeva S.S., Candidate of Veterinary Sciences, Associate Professor

«Kazakh National Agrarian Research University» NPJSC, 050010, Abay Ave., 8, Almaty, Republic of Kazakhstan

Valieva Zh.M., Ph.D, senior lecturer

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

ҚОЙ ЦЕНУРОЗЫНЫҢ КЛИНИКАЛЫҚ АНАТОМИЯЛЫҚ КӨРІНУІ CLINICAL ANATOMICAL APPEARANCE OF SHEEP COENUROSIS

Аннотация

Мақалада табиғи жағдайда туындаған қой ценуросының клиникалық көріну белгілері, сонымен қатар мида және ішкі мүшелерде дамыған патологиялық анатомиялық өзгерістері берілген. Ценуроздың клиникалық белгілері аурудың жіті және созылмалы өтуіне қарай әрқалай болатыны, сонымен қатар ценур көпіршіктері басым түрде мидің оң жақ бөлігінде орналасатыны анықталған. Аурудың клиникалық белгілері, көпіршіктің мидың қай бөлігінде орналасуына және мидың зақымдану дәрежесіне тікелей байланысты екені анықталды. Ауру жіті түрде өткенде, ауру аяқ астынан басталған, малдың дене қызуы 41⁰С-қа дейін көтерілген, басын төмен салбыратып, кедергілерге басын тіреген, кейде ауырған мал беталды қозғала берген, көздері бақырайып, үрейленіп қорқыныш сезімі пайда болған, үнемі алға қарай қозғалып кедергілерге соқтығысқан. Көз конъюнктивалары қызарып, қабағы ісінген, мұрнынан созылғыш сұрғылттау түсті қою сұйық аққаны байқалған. Мұрынның кілегейлі қабықтары диффузды түрде қызарып ісінген. Тыныстануы жиілеген. Осы клиникалық белгілеріне қарап, көп жағдайда шаруашылық малдәрігерлері пастереллезге қарсы емдік шараларын жүргізген. Бірақ, емдік шаралар тиімді болмай, ауырған малдар бірнеше күндерден кейін өлім-жітімге ұшыраған. Ценуроздың жіті түрімен ауырған қойларды сойып зерттегенде, олардың қондылығы орта және ортадан жоғары күйде болғаны анықталды. Көзге ілігерлік кілегейлі қабықтар ақшыл сұрғылт түсті күйде болды. Беткейлі лимфалық түйіндердің көлемі ұлғаймаған, консистенциясы қаттылау, тілік бетінің суреті сақталған. Тері асты шелі майы азайған және қантамырлары шамалы қанға толған. Ми сауытын ашып қарағанда, ауруға тән ценурлік көпіршіктер байқалмады. Бірақ, мидың жұмсақ қабығының қан тамырлары қанға шамадан тыс толғаны, ұсақ нүктелі қанталаулардың пайда болғаны және оның домбыққаны байқалды. Ми затын тіліп қарағанда, оның қарыншаларында сұрғылт түсті сұйықтың шамадан тыс мол жиналғаны анықталды. Сонымен қатар, мидың сұр қабатына еніп орналасқан сарғыштау түсті, ирелендеп орналасқан ұзындығы 6-8 мм-дей бола тын жіпше тәрізді іздер байқалды.

ANNOTATION

The article presents clinical manifestations of coenurosis in sheep, as well as pathological and anatomical changes in the brain and internal organs of infected animals. The clinical manifestations of coenurosis differ depending on the acute and chronic course of the disease, as well as the fact that the vesicles were located predominantly in the right side of the brain. It turned out that the clinical manifestations of the disease are directly related to the location of the coenure bladder in the brain and the degree of brain damage. In the acute phase of this disease, an increase in body temperature to 41⁰C is observed, the animal's head is more often lowered, or rests against various fences, sometimes the sick animal continues to move in one direction in a circle, the eyes are dull, you can see a feeling of fear. The conjunctiva of the eyes is red, the eyelids are swollen, and a thick gray discharge is discharged from the nose. The nasal mucosa is diffusely red and swollen. Breathing more frequently. On the basis of these clinical signs, in most cases, veterinarians carry out antipasterella treatment. Due to the misdiagnosis, the treatment was ineffective, which in turn led to the death of the infected animals.

Түйін сөздер: *ценуроз, қой, Coenurus cerebralis, онкосфера, сколекс, некроз, дистрофия.*

Key words: *coenurus cerebralis, sheep, oncosphere, scolex, necrosis, dystrophy.*

Кіріспе. Ценуроз (айналма, тентек, микұрт) қой шаруашылықтарында жиі кездесетін және өте қауіпті инвазиялық ауру болып саналады [1]. Әдебиеттердегі деректерге қарағанда, ценуроз негізінен қойлар арасында кең таралған және басым түрде 2 жасқа дейінгі қойлар

ауыратыны анықталған [2]. Сонымен қатар, ценурозбен қойлардан басқа сирек түрде ешкілер, мүйізді ірі қара мал, шошқалар, түйелер, кодастар, жылқылар және адамдар ауырғаны туралы деректер бар [3]. Әдебиеттердегі деректерге қарағанда, әлемде осы уақытқа дейін, 31 адамның ценурозбен ауырғаны тіркелген [4]. Жабайы табиғи ортада аурудың аралық иеліктерінің түрлері инвазияның таралған жеріне байланысты әртүрлі болатыны анықталған [5].

Аурудың қоздырушысы *Multiceps multiceps* цестодасының *Coenurus cerebralis* балаң құрты болып табылады [6]. Аталған паразит іші сұйыққа толған ірі көпіршіктер түлерінде жануарлардың миында және жұлынында орналасады. Қойлардың церебральдық ценуросы еліміздің қой шаруашылық тарында, кәзіргі кезде жүргізіліп отырған алдын алу малдәрігерлік шараларға қарамастан әлі де болса жиі кездеседі. Еліміздегі қасапханаларда, сойылған қойлардың бастары малдәрігерлері жағынан арнайы зерттелмейтіндіктен, қой ценуросы туралы статистикалық нақты деректер мүлдем жоқ десе де болады.

Көне ғылыми деректерге қарағанда, бұрынғы Кеңес одағы аймағындағы республикаларда қой ценуросының таралуы біркелкі болмаған. Атап айтқанда, қой шаруашылығы жақсы дамыған Кавказда мал басының 10-20%, Карашай Черкесияда 15,8%, Қалмық елінде 10-12%, Дагестанда 22-46%, Башикирияда 47,3%, Буриятияда 50%, Түркменстанда 18,7%, Өзбекстанда 11,4% тіркелгені туралы деректер бар [7]. ТМД елдерінде тіркелген қой ценуросының барлық санын 100% деп алатын болса, соның 40% Қазақстанның үлесіне тиесілі болғаны анықталған [7]. Аталған ауру мал шаруашылығына көп экономикалық шығын әкеледі. Экономикалық шығын мал басының кемуімен, одан алынатын өнімнің саны мен сапасының төмендеуімен сипатталады. Қазақстанда қой ценуросын зерттеген ғалымдар бұл аурудың басым түрде 7-8 айлық жастағы қозылар арасында кездесетінін анықтаған [9]. Сонымен қатар, ценуроз жиі қыс айларында тіркелетінін көрсеткен. Ауырған қойлардың 93% - ның миында бір ғана көпіршіктің түзілетінін, 6% ның миында 2 көпіршік, сирек жағдайда 3 тен көп көпіршіктің пайда болатынын анықтады. Зерттеу барысында көпіршік негізінен үлкен мидың жарты шарында және мидың шүйде тұсында орналасатынын анықталған. Мишықта тек 3%- ғана тіркелген. Ценуроздың эпизоотологиясында иттер өте маңызды роль атқарады. Өйткені олар сыртқы ортаға таспа құрттың мындаған, миллиондаған жұмыртқаларын шашады. Ценуроздың клиникалық белгілері мал денесіне енген онкосфералардың санына және оның ми бөлімдері түрлерінде орналасқанына тікелей байланысты [10]. Көптеген ғалымдардың тұжырымдауынша, онкосфералар миға көп мөлшерде енетін болса, ценуроз басым түрде жіті өтеді. Ауру жіті түрде 7-8 айлық жастағы қозыларда кездеседі [11, 12]. Бірақ ауру жіті жүргенде, ценурозға тән клиникалық белгілер байқалмайды. Бұл жағдайда ценуроздың клиникалық белгілері кейбір жіті инфекциялық ауруларға өте ұқсас келеді де, малдәрігерлерінің ценуроз ауруына дұрыс диагноз қоюына біршама қиындықтар тудырады.

Ал церебральды ценуроз созылмалы түрде өткенде, ценурозға тән симптоматология байқалмайды. Ауру көп жағдайда басқа инвазиялық, инфекциялық және жұқпалы емес аурулар түрлеріне ұқсас келеді.

Қой ценуросының жиі тіркелуіне және одан көп мал басының шығыны болатынына қарамай, осы уақытқа дейін түпкілікті арнайы зерттеулер жүргізілмей келеді.

Жұмыстың мақсаты. Жоғарыда ценуроз туралы айтылған өзекті мәселе лерді ескере отырып, табиғи жағдайда ценурозбен ауырған қойлардың миын да және ішкі мүшелерінде дамыған патологиялық анатомиялы өзгерістерді зерттеу.

Зерттеу материалдары мен тәсілдері. Зерттеу жұмыстары 2010-2020 жылдары Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының сойып зерттеу бөлмесін де жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде Алматы облысындағы жеке қой шаруашылықтарында ценуроздың жіті және созылмалы түрлерімен ауырып лажсыз дан сойылған 8 айлық жастағы үш бас және ценуроздың созылмалы түрімен ауырған 10-12 айлық жастағы 12 бас тоқтылардың миы мен ішкі мүшелері зерттелді.

Олардың ішкі мүшелері эвисцерация жолымен алынып, толық макроскопиялық зерттеулер жүргізілді. Зерттелген мүшелер мен ұлпалардан гистологиялық зерттеулерге патологиялық материалдар алынды. Гистологиялық зерттеуге қалыңдығы 0,5-1 см мүшелер

кесекшелері алынып, оларды 10%-бейтарапталған формалиннің судағы ертіндісіне салып бекітілді. Бекітілген материалдар әртүрлі 70%, 80%, 90%, 96% (1), 96% (2) спирттерде сусыздандырылып парафинде нығыздалды. Дайындалған парафин блоктарынан ERM 3100 (Австралия) жартылай автоматтандырылған микротом арқылы қалыңдығы 5-7 мкм жұқа тілінділер алынды.

Гистологиялық жұқа кесінділер гематоксилин-эозин тәсілімен боялып, микроскоптың әртүрлі үлкейткіштері мен зерттелді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар. Мал өлекселерін патологиялық анатомиялық сойып зерттеу алдында, біз алдымен мал иесінен және мал бағушылардан анамнездік деректер жинап, оларды талдадық. Талдау нәтижелері бойынша, аурудың клиникалық белгілері әрқалай болған және ауру жіті және созылмалы түрлерде өткені байқалды. Аурудың клиникалық белгілері, көпіршіктің мидың қай бөлігінде орналасуына және мидың зақымдану дәрежесіне тікелей байланысты екені анықталды. Ауру жіті түрде өткенде, ауру аяқ астынан басталған, малдың дене қызуы 41-С-қа дейін көтерілген, басын төмен салбыратып, кедергілерге басын тіреген, кейде ауырған мал беталды қозғала берген, көздері бақырайып, үрейленіп қорқыныш сезімі пайда болған, үнемі алға қарай қозғалып кедергілерге соқтығысқан. Көз конъюнктивалары қызарып, қабағы ісінген, мұрнынан созылғыш сұрғылттау түсті қою сұйық аққаны байқалған. Мұрынның кілегейлі қабықтары диффузды түрде қызарып ісінген. Тыныстануы жиілеген. Осы клиникалық белгілеріне қарап, көп жағдайда шаруашылық малдәрігерлері пастереллезге қарсы емдік шараларын жүргізген. Бірақ, емдік шаралар тиімді болмай, ауырған малдар бірнеше күндерден кейін өлім-жітімге ұшыраған.

Ауру созылмалы өткенде, малдың жалпы күйі күрт төмендеген, тәбеті нашарлаған, ауырған мал жүріп келе жатып, бірден тоқтап басын төмен ұстап ұзақ уақыт тұрып алған. Кейде кедергілерге басын тіреп тұрғаны байқалған. Сыртқы орта әсерлеріне реакциясы болмаған және бір орнында тұрып айналып қозғалған. Кейде жүріп келе жатып, тепе-теңдікті ұстай алмай құлап жат қандары да тіркелген. Соңынан ауырған мал арықтап, орнынан тұра алмай жатып алады. Аурудың анықталған клиникалық белгілері тұрақты және ценурозға тән болғанын анықтадық.

Патологиялық анатомиялық өзгерістері. Ценуроздың жіті түрімен ауырған қойларды сойып зерттегенде, олардың қондылығы орта және ортадан жоғары күйде болғаны анықталды. Көзге ілігерлік кілегейлі қабықтар ақшыл сұрғылт түсті күйде болды. Беткейлі лимфалық түйіндердің көлемі ұлғаймаған, консистенциясы қаттылау, тілік бетінің суреті сақталған. Тері асты шелі майы азайған және қантамырлары шамалы қанға толған. Ми сауытын ашып қарағанда, ауруға тән ценурлік көпіршіктер байқалмады. Бірақ, мидың жұмсақ қабығының қантамырлары қанға шамадан тыс толғаны, ұсақ нүктелі қанталаулардың пайда болғаны және оның домбыққаны байқалды. Ми затын тіліп қарағанда, оның қарыншаларында сұрғылт түсті сұйықтың шамадан тыс мол жиналғаны анықталды. Сонымен қатар, мидың сұр қабатына еніп орналасқан сарғыштау түсті, ирелендеп орналасқан ұзындығы 6-8 мм-дей бола тын жіпше тәрізді іздер байқалды. Тура осындай сарғыштау түсті іздер мидың сұр қабатының барлық аймақтарында және мишықта да кездесті. Аталған өзгерістер мидың ақ затында тіркелмеді. Анықталған кейбір іздердің соңында, үлкейткіш лупамен мұқият қарағанда диаметрі 2-4 мм-дей болатын өте ұсақ және жұқа қабықты көпіршіктер көрінді.

Бауырдың көлемі шамалы ұлғайған, қоңыр қызыл түсті, консистенциясы нығыздау келген, глиссон қабығы астында және мүшені тіліп қарағанда оның паренхимасында әртүрлі тереңдікте орналасқан ақшыл - сұр түсті ұзындығы 0,7-1 см болатындай ирелендеген консистенциясы қатты іздер орналасқан.

Өкпе көлемі біршама ұлғайған, консистенциясы ашыған қамыр сияқты, қызыл қоңыр түсті, тіліп қарағанда ұсақ бронхтардан және паренхима бетінен көбіктенген ақшыл түсті сұйық бөлінеді.

Жүрек көлемі ұлғайған домалақ сопақшалау келген пішінді. Короналақ қантамырлары қанға шамадан тыс толған. Миокард жұмсақтау консистенциялы, біркелкі боялмаған, сұрғылт

қызыл түсті аумақтар қоңыр қызыл түсті жерлермен араласып орналасқан. Оң және сол жүрек қарыншалары қабырға ларының қалыңдығының қатынасы 1:4 шамасында. Оң қарынша созылып нашар ұйыған іртіктелген қара қоңыр түсті қанға толған. Сол қарыншада шамалы ғана нашар ұйыған қан байқалады. Эндокард ақшыл сұрғылт түсті.

Көкбауыр ұлғаймаған, сұрғылт қоңыр түсті. Капсуласы шамалы жиырылған, консистенциясы жұмсақ, қырында аз, мүше паренхимасының мөлшері азайған. Ал мүше стромасы анық көрінеді.

Бүйректердің көлемі ұлғаймаған, түсі қоңыр сұрғылт, консистенциясы қаттылау, капсуласы қиын сыпырылады. Капсула астында және мүшені тіліп көргенде мүшенің қыртысты қабаттында ақшыл сұр түсті ирелендеп орналас қан, ұзындығы 0,5-1см- ге жететін жіпшелер тәрізді іздер орналасқан. Мүше нің ішкі сурет анық емес.


Мес қарында шамалы азық бар, кілегейлі қабығы сарғыш жасылдау түс ті. Ұлтабар кілегейлі қабығы қызарған, ісінген, кейбір жерлерде дақты қанталаған ошақтар кездеседі.

Аш ішек сарысулы катарлы энтерит күйінде болды. Оның кілегейлі қабығы қызарған, ісінген, қабырғасы қалындаған және мөлдірлеу келген кіле гейлі сұйықпен жабылған. Тоқ ішек кілегейлі қабығы қызарған, ісінген және мөлдірлеу келген кілегейлі сұйықпен жабылған.


Шажырқай лимфалық түйіндерінің көлемі шамалы ұлғайған, ақшыл сұр түсті, консистенциясы қаттылау, тіліп қарағанда паренхимасы ісінген және қабаттарының шекарасы анық емес.

Ценуроздың созылмалы түрімен негізінен ересек қойлар ауырды, оларды сойып зерттегенде, бәрінің қондылығы ортадан төмен, мұрын және ауыз қуысы кілегейлі қабықтары ақшыл сұр түсті, мұрнынан қою, сұрғылт түсті сұйық ағып түрді. Табиғи май қорларында майдың жиналу мөлшері азайған немесе кейбіреулерінде мүлдем жойылған. Қаңқа бұлшық еттерінің көлемі кішірейген және консистенциясы өте болбыр, тіліп қарағанда ұлпаның қалыпты талшықты құрылымы анық көрінбейді. Паренхималық мүшелерде атрофиялық және дистрофиялық өзгерістер айқын дамыған.

Ми сауытын ашып қарағанда, мидың жұмсақ қабығының қантамырлары қанға шамадан тыс толғаны, ұсақ нүктелі қанталаулардың пайда болғаны және домбыққаны байқалды. Ми затының домбығуынан оның қыртыстары анық білінбейді.



1-сурет - Ценур көпіршіктері мидың оң жақ қабырғасында орналасқан. Мидың жұмсақ қабығының қантамырлары қанға толған және домбыққан



2-сурет - Қуысында сколекстері бар ценур көпіршіктері

Ми жарты шарының оң бөлігінде мишыққа жақын орналасқан жағында, ми затына еніп орналасқан және бір бөлігі жұмсақ қабық астынан томпиып шығып тұрған диаметрі 2,5-3 және 3 см ден көбірек болатын, домалақ пішінді көпіршіктер орналасқан (1 сурет). Олардың қуысы мөлдірлеу келген сұйықпен толып тұрады. Көпіршіктің қабырғасы екі қабықпен қап талған, сыртқы (кутикула) және ішкі(зародышовый) ішкі қабығының қабыр ғасына топталып бір біріне жақын орналасқан сколекстер көрінеді (2 сурет). Миды ми қорабынан алғанда, көпіршіктер орналасқан жерінен өздігінен оңай түсіп қалады. Көпіршіктер орналасқан жерлерде ми заты атрофияланып үңірейген қуыстар түзген (3 сурет).

Гистологиялық өзгерістері. Гистологиялық зерттеулер барысында, мүшелерде көрінген ақшыл сұр түсті іздер паразит балаңқұрттарының үңгіп жүрген жолдары екені анықталды. Ценуроздың жіті өту түрінде негізгі гистологиялық өзгерістер мидың жұмсақ қабығы астында және мидың сұр затында дамитынын байқадық.




3-сурет - Ценур көпіршіктері және мидың атрофиясы. Мидың жұмсақ қабығының қантамырлары қанға шамадан тыс толған және домбыққан

Балаңқұрттың жүрген іздерінде мидың қалыпты құрылымы бұзылғанын және олар ыдыраған құрылымсыз кесектелген массада тұратыны анықталды. Ыдыраған масса арасында эритроциттер және фибрин талшықтары көрінеді. Ыдырап некроздалған аймақтың шетін қоршап орналасқан грануляциялық ұлпа түзілген. Оның некрозбен шектелген жерінде ядросы

көп алып торшалар орналасқан. Ал оның үстіңгі бетінде лимфоидтық, плазмалық торшалар мен гистиоциттер шоғырланған. Түзілген грануляциялық ұлпа арасында орналасқан қантамырлар қанға шамадан тыс толғаны байқалады. Зақымдалған аймақтарда нейрондар әртүрлі сатыда дамыған дистрофиялық өзгерістерге ұшыраған. Сонымен қатар, глия торшаларының саны көбейген. Мидың сұр заты қабатында орналасқан баланқұрт жолдарының бір шетінде жаңадан пайда болып келе жатқан ценур көпіршіктері орналасқан (4 сурет).

Жаңадан түзілген көпіршіктер айналасында ми жағынан ұлпалық реакция байқалады. Ол реакция көпіршіктің сыртында бірнеше қабат болып орналасқан алып торшалар орналасқан.

Оның сыртын лейкоциттерден, гистиоциттерден, фибробластардан және қантамырлар орналасқан грануляциялық ұлпа қоршап орналасқан. Көпіршік ішінде көптеген сколекстер анық көрінеді.



4-сурет - Ми затының ішінде дамып келе жатқан ценур көпіршігі. Көпіршікпен ми затының арасында бос қуыс көрінеді. Гематоксилін-эозинмен боялған. Х200

Қорытынды Қой ценурозы Алматы қой шаруашылықтарында жиі кездеседі және ауру жіті және созылмалы түрлерде тіркеледі. Аурудың жіті түрін басқа ұқсас аурулар түрлерінен патоморфологиялық зерттеу тәсілдерін қолданып ажыратуға болады. Аурудың созылмал түрі мида көпіршіктердің түзілуімен сипатталады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Лайпанова Б.К., Цепилова И.И., Болатчиев К.Х. Иммунобиологические свойства усовершенствованной вакцины против ценуроза овец // Ветеринария, зоотехния и биотехнология. – 2018. - № 10. - С. 35-39.
2. Amer S., Elkhatam A., Fukuda Y., Bakr L.I., Zidan S., Elsify A. Prevalence and Identity of *Taenia multiceps* cysts “*Coenurus cerebralis*” in Sheep in Egypt // Acta Trop. – 2017.- № 176. – P. 270-276. - <http://dx.doi.org/10.1016/j.actatropica.2017.08.012>. PMID:28823911.
3. Бутко М.П., Попов П.А., Лавина С.А., Гуненкова Н.К., Осипова И.С. Биологическая ценность и токсико-биологические показатели продуктов убоя свиней при эхинококкозе и альвеококкозе // Проблемы ветеринарной санитарии, гигиены и экологии. - 2019. - № 4 (32). - С. 364-369.
4. Ing M.B., Schantz P.M., Turner J.A. Human coenurosis in North America: case reports and review // Clin Infect Dis. – 1998. - № 27(3). – P. 519-23. - doi: 10.1086/514716. PMID: 9770151.
5. Miran M.B., Nzalawahe J., Kassuku A.A., Swai E.S. Prevalence of coenurosis in sheep and goats at three slaughter slabs in Ngorongoro District, Tanzania // Trop Anim Health Prod. – 2015. - № 47(8). – P. 1591-7. - doi: 10.1007/s11250-015-0903-7. Epub 2015 Aug 26. PMID: 26306799.

6. Мауланов А.З., Сабаншиев М.С., Усмангалиева С.С. Авторское свидетельство. «Способ диагностики ценуроза овец» № 93473.РК 2015.
7. Зубаирова М.М., Атаев А.М., Карсаков Н.Т., Ашурбекова Т.Н., Хасаев А.Н., Ахмедов М.А. Экологические основы борьбы с гельминтозами домашних жвачных в Дагестане // Проблемы развития АПК региона. - 2020. - № 4 (44). - С. 154-157.
8. Бегембекова А.К., Абдыбекова А.М. Қазақстанның кейбір өңірлеріндегі мал эхинококкозының эпизоотологиясы // Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. – 2016. - №2. – С. 13-17.
9. Шабдарбаева Г.С., Усмангалиева С.С., Ахметова Г.Д., Әбеуов Х.Б., Асылханов Д.У. Қой ценурозының патоморфологиясы // Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. – 2015. - №17. - С.217-223.
10. Сарсембаева Н.Б., Валиева Ж.М., Шалменов М.Ш., Бияшев К.Б. Анализ патентной документации по безопасности, качеству и ветеринарно-санитарной оценке продуктов животноводства при эхинококкозе // Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. – 2016. - № 2. - С.65-70.
11. Лайпанов Б.К. Ветеринарно-санитарная оценка мяса, полученного от овец, больных ценурозом // Теория и практика борьбы с паразитарными болезнями. - 2018. - №19. - С. 244-245.
12. Miran M.B., Nzalawahe J., Kassuku A.A., Swai E.S. Prevalence of coenurosis in sheep and goats at three slaughter slabs in Ngorongoro District, Tanzania // Trop Anim Health Prod. – 2015. - № 47(8). – P. 1591-7. - doi: 10.1007/s11250-015-0903-7. Epub 2015 Aug 26. PMID: 26306799.

ÄDEBIETTER TIZIMI

1. Lajpanova B.K., Cepilova I.I., Bolatchiev K.H. Immunobiologicheskie svojstva usovershenstvovannoj vakciny protiv cenuroza ovec // Veterinariya, zootekhnika i biotekhnologiya. – 2018. - № 10. - S. 35-39.
2. Amer S., Elkhatam A., Fukuda Y., Bakr L.I., Zidan S., Elsify A. Prevalence and Identity of Taenia multiceps cysts “Coenurus cerebralis” in Sheep in Egypt // Acta Trop. – 2017.- № 176. – R. 270-276. - <http://dx.doi.org/10.1016/j.actatropica.2017.08.012>. PMid:28823911.
3. Butko M.P., Popov P.A., Lavina S.A., Gunenkova N.K., Osipova I.S. Biologicheskaya cennost' i toksiko-biologicheskie pokazateli produktov uboya svinej pri ekhinokokkoze i al'veokokkoze // Problemy veterinarnoj sanitarii, gigieny i ekologii. - 2019. - № 4 (32). - S. 364-369.
4. Ing M.B., Schantz P.M., Turner J.A. Human coenurosis in North America: case reports and review // Clin Infect Dis. – 1998. - № 27(3). – R. 519-23. - doi: 10.1086/514716. PMID: 9770151.
5. Miran M.B., Nzalawahe J., Kassuku A.A., Swai E.S. Prevalence of coenurosis in sheep and goats at three slaughter slabs in Ngorongoro District, Tanzania // Trop Anim Health Prod. – 2015. - № 47(8). – R. 1591-7. - doi: 10.1007/s11250-015-0903-7. Epub 2015 Aug 26. PMID: 26306799.
6. Maulanov A.Z., Sabanshiev M.S., Usmangalieva S.S. Avtorskoe svidetel'stvo. «Sposob diagnostiki cenuroza ovec» № 93473.RK 2015.
7. Zubairova M.M., Ataev A.M., Karsakov N.T., Ashurbekova T.N., Hasaev A.N., Ahmedov M.A. Ekologicheskie osnovy bor'by s gel'mintoziyami domashnih zhvachnyh v Dagestane // Problemy razvitiya APK regiona. - 2020. - № 4 (44). - S. 154-157.
8. Begembekova A.K., Abdybekova A.M. Қазақстанның кейбір өңірлеріндегі мал екхинококкозының эпизоотологиясы // Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. – 2016. - №2. – С. 13-17.
9. SHabdarbaeva G.S., Usmangalieva S.S., Ahmetova G.D., Әбеуов H.B., Asylhanov D.U. Қой ценурозының патоморфологиясы // Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. – 2015. - №17. - С.217-223.
10. Sarsembaeva N.B., Valieva Zh.M., Shalmenov M.Sh., Biyashev K.B. Analiz patentnoj dokumentacii po bezopasnosti, kachestvu i veterinarno-sanitarnoj ocenke produktov zhivotnovodstva pri ekhinokokkoze // Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. – 2016. - № 2. - С.65-70.
11. Lajpanov B.K. Veterinarno-sanitarnaya ocenka myasa, poluchennogo ot ovec, bol'nyh cenurozom // Teoriya i praktika bor'by s parazitarnymi boleznyami. - 2018. - № 19. - S. 244-245.

12.Miran M.B., Nzalawahe J., Kassuku A.A., Swai E.S. Prevalence of coenurosis in sheep and goats at three slaughter slabs in Ngorongoro District, Tanzania // Trop Anim Health Prod. – 2015. - № 47(8). – R. 1591-7. - doi: 10.1007/s11250-015-0903-7. Epub 2015 Aug 26. PMID: 26306799.

РЕЗЮМЕ

В статье представлены клинические проявления ценуроза овец, а также патолого-анатомические изменения в головном мозге и во внутренних органах зараженных животных. Клинические проявления ценуроза различаются в зависимости от острого и хронического течения болезни, а также того факта, что пузырьки были расположены преимущественно в правой части мозга. Выяснилось, что клинические проявления заболевания напрямую связаны с расположением ценурозного пузыря в головном мозге и степенью поражения головного мозга. В острой фазе данного заболевания наблюдается повышение температуры тела до 41⁰С, голова животного чаще - опущена, или упирается в различные ограждения, иногда больное животное продолжает двигаться в одном направлении по кругу, глаза - потускневшие, можно заметить, чувство страха. Конъюнктивы глаз красная, веки опухшие, из носа выделяются густые серые выделения. Слизистая носа диффузно красная и опухшая. Дыхание более частое. На основании этих клинических признаков в большинстве случаев ветеринары проводят антипастереллезное лечение. Из-за неправильно поставленного диагноза лечение - неэффективное, что в свою очередь приводило к гибели зараженных животных.

ӨОЖ 619:616.3

DOI 10.52578/2305-9397-2021-1-2-124-132

Шеримова С.К., Ph.D докторант, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0002-0436-5467>

«Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, 050010, Абай даңғ., 8, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, saulesher@mail.ru

Сарсембаева Н.Б., ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, <https://orcid.org/0000-0002-3501-3720>

«Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, 050010, Абай даңғ., 8, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, lady.nurzhan@inbox.ru

Абдигалиева Т.Б., Ph.D, сениор-лектор, <https://orcid.org/0000-0002-1404-8852>

«Алматы технологиялық университеті» АҚ, 050012, Төле би көшесі, 100, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, tolkun_07.08@mail.ru

Sherimova S.K. Ph.D student, **the main author**

«Kazakh National Agrarian Research University» NPJSC, 050010, Abay Ave., 8, Almaty, Republic of Kazakhstan

Sarsembayeva N.B., Doctor of Veterinary Sciences, Professor

«Kazakh National Agrarian Research University» NPJSC, 050010, Abay Ave., 8, Almaty, Republic of Kazakhstan

Abdigaliyeva T.B., Ph.D, senior lecturer

«Almaty Technological University» JSC, 050012, Tole bi s., 100, Almaty, Republic of Kazakhstan

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА АЗЫҚТЫҚ ҚОСПА РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУҒА АРНАЛҒАН ОТАНДЫҚ ВЕРМИКУЛИТТИ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ- САНИТАРИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ VETERINARY AND SANITARY ASSESSMENT OF DOMESTIC VERMICULITE FOR USE AS A FEED ADDITIVE IN ANIMAL HUSBANDRY

Аннотация

Мақалада Қазақстанның оңтүстік бөлігінде орналасқан Құлантау кен орнында өндірілетін табиғи минерал – вермикулитке жүргізілген ветеринариялық-санитариялық бағалау жұмыстарының нәтижелері берілген. Жұмыс барысында өндіріс орнында вермикулитті қажетті фракцияға дейін өндіру технологиясын меңгеру туралы жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар қопсытылған вермикулиттің органолептикалық сипаты мен оның май мен суды сіңіру

қабілеттері де зерттелген. Зертханалық зерттеулер ҚазҰАЗУ-нің «Ветеринариялық-санитариялық сараптау және гигиена» кафедрасының «Ветеринариялық диетология және жануар текті өнімдерді ветеринариялық-санитариялық сараптау» зертханасында жүргізілді.

Алынған нәтижелер бойынша Құлантау кен орны вермикулитінің өндірістік технологиясы шет елдік дамыған мемлекеттердің технологиялық жүйесімен сәйкес келетіндігі және оның қорының 3,5 млн.тоннадан асатындығы, сондай-ақ, оның экономикалық бәсекеге қабілетті екендігі анықталды. Отандық вермикулит үлгісі суды өз салмағынан 3 есеге дейін, ал майды 2 есеге дейін сіңіре алу қабілетіне ие болды. Сонымен қатар, ол құрамы бойынша минералды элементтерге бай келеді және оны мал шаруашылығында азықтық қоспасы ретінде, сондай-ақ ветеринария саласында биопрепараттар негізі ретінде қолдануға болатындығын дәлелдейді

ANNOTATION

The article presents the results of veterinary and sanitary assessment of a natural mineral-vermiculite, extracted at the Kulantau deposit, located in the southern part of Kazakhstan. In the work was carried out to master the technology of production of vermiculite at the production site to the required fraction. Also, the sensory characteristics of expanded vermiculite and its ability to absorb oil and water were studied. Laboratory studies were conducted in the laboratory «Veterinary Dietetics and veterinary and sanitary examination of animal products» of the Department of «Veterinary and Sanitary Examination and Hygiene» of KazNARU.

According to the results obtained, it was established that the technology of production of vermiculite from the Kulantau deposit corresponds to the technological system of foreign developed countries and its reserve is 3.5 million tons. It is also established that it is economically competitive. The domestic sample of vermiculite has the ability to absorb water up to 3 times of its own weight, and oil-up to 2 times. In addition, it is rich in mineral elements and this proves that it can be used as a feed additive in animal husbandry, as well as as a basis for biological products in the field of veterinary medicine.

Түйін сөздер: *вермикулит, азықтық қоспа, органолептикалық көрсеткіштер, сапа, ветеринариялық-санитариялық сараптау.*

Key words: *vermiculite, feed additive, organoleptic parameters, quality, veterinary and sanitary examination.*

Кіріспе. Қазіргі таңда мемлекеттің ең маңызды мәселелерінің бірі халықты ет және ет өнімдерімен толыққанды қамтамасыз ету болып отыр [1]. Мұндай мәселені шешуде мал шаруашылығына үлкен көңіл бөлінеді. Өйткені, мал шаруашылығын дамыту халықтың әлауқатын жақсартуға және тұрақты дамуға ықпал ететін негізгі сала [2].

Еліміздегі агроөнеркәсіптік кешен күнделікті тұтынатын азық-түлік өндірісін ұлғайтуды және өнімнің өзіндік құнын төмендетуді талап етуде. Ал, бұл өз кезегінде мал және құс шаруашылықтарында негізгі рационға қосылатын азықтық қоспаларды ұтымды пайдалануды қажет етеді [3].

Ветеринарлық диетология саласы Еуропалық экономикалық қоғамдастық елдерінде кең дамыған. Еліміз осыған байланысты цеолит, бентонит, шунгит пен вермикулит сияқты табиғи минералдар негізінде дәстүрлі емес азықтық қоспаларды мал және құс шаруашылықтарында қолдануға алғашқы қадамдарды жасауда [4].

Мал және құс шаруашылығына арналған табиғи минералдар негізінде жасалған азықтық қоспаларды жасау, тәжірибелік зерттеу, олардың өндіру технологиясын құру және өндіріске енгізу жұмыстары ауыл шаруашылығы үшін маңызды болып табылады және оның тұрақты дамуына жақсы ықпал етеді [5].

